ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

№62-63
(19545-19546)
29 сәуір, жексенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

БІРЛІКТІҢ БЕРІК ТҰТҚАСЫ

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясына қатысты. Сессияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе «Бес әлеуметтік бастама – қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры» деп аталды. Жиынға елдің барлық өңірінен келген Ассамблея мүшелері мен ардагерлері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, саяси партиялардың, діни бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары, шығармашылық және академиялық зиялы қауым өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының жетекшілері қатысты. Сессияда Мемлекет басшысы баяндама жасады.

Қымбатты отандастар!

Баршаңызды Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясының ашылуымен құттықтаймын!

Ассамблея құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйытқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келеді.

Бүгінде ол – **еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың ең басты кепілі.**

Әрдайым елдік істердің басында жүретін Ассамблея менің іргелі бастамаларыма әр уақытта қолдау білдіріп, халқымызға түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Қазақстан сан қырлы жаңғыруға бет бұрған қазіргі таңда Ассамблеяға да тың міндеттер жүктеледі.

Бүгінгі сессиямыз – **«Бес әлеуметтік бастама – қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры»** деп аталады.

Мен наурыз айында әлеуметтік жаңғыру жолындағы «Президенттің бес бастамасын» ұсынғанымды білесіздер.

Бес бастама елдің әл-ауқатын жақсартумен бірге, ұлтты ұйыстыра түсудің тағы бір қыры – әлеуметтік бірлікті нығайтуға бағытталған.

Оның табысты жүзеге асуы азаматтардың өз болашағына, мемлекетіне, қоғамына, қала берді, бір-біріне сенімін арттырады.

Бізде халықтың күнделікті өміріне түбегейлі өзгеріс әкелетін мұндай әлеуметтік бағдарлама ешқашан болған емес.

Осының бәрі – тәуелсіздік жылдарында Қазақстанды түрлі бәле-жаладан сақтап келе жатқан елдігіміздің бойтұмары – Ел бірлігін қасиет тұта білгеніміздің арқасы.

Әйтпесе, көгінде туы, төрінде билігі болса да, бірлігі қашып, бүгіні тұлдыр, болашағы бұлдыр болған қаншама мемлекет бар.

Біз осыны берік ұстанып, мызғымас ынтымақ-бірлігімізді таусылмас ырыс-берекеміздің бастауы етіп, сеніммен қадам басып келеміз.

Құрметті сессияға қатысушылар!
Қымбатты отандастар!

Баршаңызға Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXVI сессиясына қош келдіңіздер деймін!

Мен Ассамблея делегаттарымен әрдайым ерекше ықыласпен жүздесемін.

Өйткені әр сессия Қазақстан дамуының мейлінше өзекті мәселелеріне арналады.

Бүгінгі сессияға Қазақстан халқы Ассамблеясының ізгі ниет елшілерінің, достық елшілерінің қатысып отыруының символдық мәні бар.

Ассамблея бейбітшілік пен татулықтың нағыз шырақшысына айналды.

Сол себепті мен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларына әрдайым өзім қатысамын.

Бүгінгі таңда да, әлеуметтік интеграция факторын пайдалана отырып, біз тұтастығымызды одан әрі нығайта түсеміз.

Жаһандық әлемдегі мықты мемлекеттер – біртұтас ұлттар екені жасырын емес.

Олардың барлығы біртұтас бірегейлікке сүйене отырып жаңғырады.

Біз де осы жолға түстік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының, соның ішінде **«Қазақстандағы 100 жаңа есім»** жобасының мәні де осыда.

Әлеуметтік бірлік саясаты – біртұтас Ұлт қалыптастыру жолындағы маңызды қадам деп білемін.

Біз сыртқы жағдайларға қарамастан, бес жаңа жобаны жүзеге асыруды бастадық.

Бұл қаржымыздың және ресурстарымыздың көптігіне байланысты болып отырған жоқ.

Керісінше, қазақстандықтардың тұрмысын жақсартуға тың серпін беруді көздеген шынайы ниетімізге байланысты іске асуда.

Не себепті жаңа бес әлеуметтік бастама ұсынылды?

Оның басты үш себебі бар.

Біріншіден, жаңа ғасырдың екінші онжылдығының бастапқы сегіз жылына жасалған талдау көрсеткендей, жекелеген мемлекеттер тарапынан егемен елдердің ішкі ісіне араласуының салдарынан әлемнің түрлі өңірлерінде болатын дағдарыстардың басқа да себептері бар.

Бұл – әлеуметтік бірлік пен интеграцияның болмауы.

Жаһандық және өңірлік тәжірибе көрсеткендей, қалыптасқан мемлекет – бұл әлеуметтік бірлік негізі саналы түрде нығайтылатын мемлекет.

Біздің жаңа бастамаларымыз, ең алдымен, осыған арналған.

Екіншіден, қазіргі заманғы экономикалық және саяси теория мен тәжірибеде әлеуметтік және мәдени капитал артта қалған сала емес, олар өсімнің тұрақты драйверлері деген көзқарас берік орнықты.

Білімнің жаңа экономикасы, цифрландыру, өндірісті роботтармен жабдықтау, технологиялық инновациялар әлеуметтік және мәдени капиталдың мүлде басқа сипатын қажет етуде.

Сол себепті біздің жаңа әлеуметтік бастамаларымыз жаңа экономиканың дамуына серпін береді.

Үшіншіден, полиэтникалық мемлекет жағдайында әлеуметтік және ұлттық саясат өзара тығыз байланысты.

Мен ұсынған бес әлеуметтік бастама еліміздің барлық азаматтарын қамтиды, бүкіл халқымыздың дамуына септігін тигізеді.

Олар тұрғындардың аз қамтылған бөлігі мен жастар үшін ерекше маңызды.

Сол себепті мен осы мәселені Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында талқылауды ұсындым.

Қазақстанның этно-әлеуметтік саясаты Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, басқа да беделді халықаралық ұйымдар мен таяу және алыс шетелдердің тарапынан жоғары баға алғаны тегін емес.

Атап айтқанда, қаншама рет жақсы сөз де, сын да айтылған мемлекеттің тіл саясаты мүдделер тоғысының оңтайлы теңгерімін табуға мүмкіндік берді.

Халықтың байырғы ұстанымына сай келетін бұл саясат елімізде ешкімнің де мүддесін шектемейді.

Тіл мәселесіне қатысты Қазақстанда қол жеткізілген жалпыұлттық келісім – бұл біздің «алтындай қымбат шешіміміз» екеніне нық сенімдімін.

Бұл қоғамды, ғылым мен білім беру ісін дамытудың жаһандық трендіне сай келеді.

Біздің әлеуметтік саясатымыздың басты ерекшелігі неде?

Біріншіден, біздің саясатымыздың жалпыазаматтық, жалпыұлттық мәні бар.

Біз әрдайым негіз қалаушы конституциялық нормаға – барлық азаматтардың теңдігіне сүйеніп келдік.

Алдағы уақытта да солай болады.

Екіншіден, біз жаһандық трендтерді мұқият зерттеп отырамыз.

Еуропа мен Американдағы көптеген елдер мультимәдени саясатты демократиялық мақсатпен формальды түрде жүргізе отырып, проблемаларға тап болғанын көріп отырмыз.

Қоғамның ішкі интеграциясы баяу жүретіні немесе мүлде тұралап қалғаны анықталды.

Мынадай сұрақ туындайды: алдағы уақытта әлемде не болады?

Келешекте мульти-этникалық трендтер қайда жетелейді?

Саяси тәжірибесі мол дамыған елдер өз проблемаларының шешімін таба алатынына сенімдімін.

Үшіншіден, біз де өзіміздің прагматикалық қорытындымызды жасауымыз керек.

Жаһандық этникалық жағдай біздің ішкі саясаттағы стратегиямыздың дұрыстығын көрсететініне сенімдімін.

Біз еліміздің азаматтарын қандай да бір көзқарас бойынша ешқашан бөлежарып көргеніміз жоқ.

Осы жылдарда бүкіл қоғамды ұйыстыратын біртұтас саясат жүргізу менің мызғымас ұстанымым болды.

Бұл барлық азаматтар мен этностарға жаппай қатысты.

Бүгінде Қазақстан қоғамының бірлігін одан әрі нығайтатын кез келді.

Осы мәселе бойынша негізгі ресурс – әлеуметтік сала.

Бұл – біздің барлығымызға қатысты өмірлік мәні бар сала.

XXI ғасыр әлеуметтік, экологиялық, техногендік сияқты жаһандық қауіп-қатерлер ешқайда жойылып кетпейтінін көрсетіп отыр.

Әлемдік дағдарыс мемлекеттердің әлеуметтік мүмкіндіктерін азайтты.

Дүниежүзілік экономикалық форумның сарапшылары таяу 10 жылда байқалатын үш трендті атаған.

Бұлар – әл-ауқаттың теңсіздігі, әлеуметтік жіктелу және экологиялық қауіп-қатердің артуы.

Әркім өз болашағына өзі жауап беретін өзгеше кезең келе жатыр.

Сарапшылардың көпшілігі «Жалпыға ортақ әл-ауқаттың» аяқталғаны жөнінде айтуда.

Жаһандық өсімнің төмен деңгейі көптеген проблемаларды туындатады.

Тіпті дамыған елдердің өзінде орта таптың дағдарысы байқалуда.

Әлеуметтік поляризация ауқымы орасан деңгейге өсті: адамдардың бір пайызы әлемдік байлықтың 50 пайызын иеленіп отыр.

БҰҰ мәліметіне сәйкес, Жер шарындағы халықтың 14 пайызы ашаршылық жағдайда отыр.

Әлемде күн сайын 24 мың адам аштықтан көз жұмады. Осы жайтқа бір сәт мән беріңіздер.

Жұмыссыздар саны 190 миллион адамнан асты. Бұл Ұлыбритания, Франция, Италия сияқты ірі елдердің халқын қоса алғандағы тұрғындар санына пара-пар.

Әлемдегі жұмыссыздық деңгейі, әсіресе, жастар арасында жоғары – 13 пайыз.

Экономикалық санкциялар, протекционизм, терроризм, экстремизм, жекелеген мемлекеттердегі тұрақсыздық, егемен елдерге бағытталған қарулы шабуылдар халықаралық құқықты бұзып, жер бетіндегі барша жұрттың ертеңгі күнге деген сенімсіздігін қалыптастырып отыр.

Сондай-ақ, бұл жағдай кедейшілік пен жұмыссыздық проблемасын ушықтырады.

Соның нәтижесінде онсыз да әлсіз елдердің экономикалық тұрғыдан дамуы төмендейді.

Елдер арасындағы теңсіздік одан әрі тереңдей түседі.

Әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі экстремизмді тудырып, радикалды революциялар қаупінің артуына әкеледі.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың «Ырыс алды – ынтымақ» деген қанатты сөзінің астарында үлкен мән бар. Ел бірлігі, достық пен бауырмалдық, бейбіт күннің, татулықтың темірқазығындай ең басты құндылық – бекем бірлік біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады.

Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, «Қазірде қазақ елі, өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен ұстанымы бар, берекесі мен бірлігі жарасқан табысты мемлекет». Біз – бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елміз.

Еліміздегі қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміздің экономикасы өркендеп, дамып келеді. Елбасының көреген саясатының арқасында бүгінде 130-дан астам ұлт бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, бірліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең жоғары байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір Қазақстан азаматының міндеті болып табылады. Туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде ел бірлігін сақтауға атсалысайық!

Бекем бірлігіміздің арқасында өскелең ұрпаққа жарқын болашақ сыйлайық!

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Бірлік мерекесі қарсаңында Сіздерге бақыт, зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Бейбіт өмірдің берекесі, халқымыздың ынтымақ, бірлігі арта берсін!

Құрметпен,
облыс әкімі
Қ.КӨШЕРБАЕВ.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай өтетін облыстық іс-шаралардың бағдарламасы

«Татулығы жарасқан – берекелі Қазақстан» тақырыбында мәдени-көпшілік шара, Қызылорда қаласы, мәдени демалыс паркі. **1 мамыр сағ: 09.30.**

«Өнер арбаты» жобасының ашылуы, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі (Орталық алаң мен Қорқыт ата көшесінің аралығы). **1 мамыр сағ: 10.30.**

«Қазақстан – киелі мекенім» атты театрландырылған мерекелік концерт, Сырдария ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 10.00.**

«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» атты мәдени-көпшілік шара, Жаңақорған ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 10.00.**

«Бір шаңырақ астында бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік шеру, Шиелі ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 10.00.**

«Бірлік. Достық. Тұрақтылық» атты театрланған қойылым, Шиелі ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 12.00.**

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шеру, Жалағаш ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 10.00.**

«Бірлік ынтымақ мекені» тақырыбында мерекелік шара, Қазалы ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 10.00.**

«Бірлігі жарасқан – Қазақстан!» атты мәдени-көпшілік шара, Қармақшы ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 10.00.**

«Ұлт бірлігі – ұлы байлық» атты достық шеруі, Арал ауданы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 08.30.**

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай аудан әкімдігінің жүлдесі үшін ат спорты түрлерінен жарыс, Арал ауданындағы ипподром. **1 мамыр сағ: 10.30.**

«Бірлігі бекем – құтты қоныс» атты мерекелік концерт, Арал ауданындағы, Орталық алаң. **1 мамыр сағ: 20.00.**

ТАТУ ЕЛДІҢ ТАБЫСЫ КӨП

Бейбітшілік және келісім сарайында Елбасының төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясы өтті. Онда ширек ғасыр ішінде жеткен жетістіктеріміз бен Ұлы Дала елінің ұлт болып ұйыса түсуіне, бірлігімізді бекемдеуге сеп болар ұсыныстар айтылды. Сессияға «Бес әлеуметтік бастама – қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры» тақырыбы арқау болды. Қазақстанның осы күнге дейін жеткен жетістіктерінің негізгі кілті – халық бірлігінің нәтижесі. Бұл орайда тұтастықтың құтты шаңырағына айналған Ассамблеяның орны ерек.

Сессия барысында Мемлекет басшысы ел бірлігін қасиет тұта білгеніміздің арқасында жеткен табыстарымызға тоқталды. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жетілдіруге бағытталған, жақында қабылданған заңды ілгерлетуді жүктеді. Бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыруға және орындалуын бақылауды Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Нұр Отан» партиясына тапсырды.

Сонымен бірге, әлеуметтік бірлікті нығайтуға арналған бес бастаманы жүзеге асыру арқылы халықтың әл-ауқаты мен ынтымағы арта түсетінін айтып өтті.

Маңызы жоғары сессияға 1500-ден астам делегат қатысты. Алдағы уақытта жаңа экономиканың дамуына тың серпін беретін бастамаларды облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы да жоғары деңгейде жүзеге асыруға барынша күш салатын болады.

Л.ТӨРЕШОВА,
облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының хатшылық меңгерушісі.

ДАМУДЫҢ АЙҚЫН ҮЛГІСІ

Кеше өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында Мемлекет басшысы – әлеуметтік бірлік тұғырнамасы ел іргесін нығайта түсетінін айтты. Жаңа бастамалар бәрінен бұрын осыған бағытталғанын жеткізді.

– Полиэтникалық мемлекет жағдайында әлеуметтік және ұлттық саясаттар тығыз байланысты. Сондықтан бес әлеуметтік бастама еліміздің барлық азаматтарына қатысты, осы орайда барша халқымызды дамытуға ықпал етеді,– деді Елбасы.

Халықтар бірлігі мерекесінің қарсаңында өткен келелі жиында елдің ертеңіне бағытталған жарқын жобалар жайы кеңірек сөз болды. Мемлекет басшысының таяуда Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жариялаған бес әлеуметтік бастамасы төңірегінде ой-пікірлер ортаға салынды. Бұл әлеуметтік бастамада елімізде тұрғын үй сатып алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, салықтық жүктемені төмендету, микрокредитті кеңейту, елді газдандыру, сондай-ақ жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мәселесі алға қойылған болатын.

Әрине, бұл бүгінгі таңдағы өте өзекті мәселе. Мемлекеттің бұл қолдауы – әлеуметтік саланың жаңа сатыға көтерілуіне оң әсер ететіні сөзсіз. Ал маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі – елдің басым бөлігін газбен қамтамасыз ету. Бұл бірінші кезекте халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталса, екіншіден өңірлердің экологиялық жағдайы да жақсара түседі.

Г.ЩЕРБАКОВА,
"Славяне" қоғамдық этно-мәдени бірлестігінің төрайымы.

БЕС БАСТАМА – ЕЛДІК ТҰҒЫРЫ

Маған алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына қатысу бақыты бұйырды. Шынымды айтсам, елордадағы «Бейбітшілік және келісім сарайынан» бірлік пен татулықтың жылы желі есіп, таңқаларлық жағымды атмосфера бойымды билеп алды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Бес әлеуметтік бастама – қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында қоғам үшін маңызы зор мәселелер талқыланды.

Елбасының бес бастамасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Қолжетімді баспана, салық төмендігі, сапалы білім, жеңілдетілген шағын несиелендіру, еліміздегі газдандыру секілді елге қажетті әлеуметтік бастамалары көптің көңілінен шықты. Елбасы ең әуелі қарапайым халықтың жағдайына көңіл аударып, әл-ауқатын жақсартудың тиімді жолдарын айтты. Біз Тұңғыш Президентімізге деген елдің сүйіспеншілігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел ішіндегі бірліктің өзіндік моделін қалыптастырған бірегей бірлестік. Еліміздегі осы этносаралық үйлесімді сақтау – Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет.

Еліміздегі жүргізіліп жатқан реформалардың барлығын құптаймын. Біздің жылу мен жарыққа толы ортақ үйіміз гүлденіп, көркейе берсін. Ол үшін барлығымыз жауаптымыз. Бұдан әрі де ортақ үйіміздің татулығы мен бейбітшілігін соңымыздан өсіп келе жатқан келешек ұрпақ үшін сақтауға тиіспіз.

М.СЕМЕНИКИНА,
облыстық неміс этно-мәдени бірлестігі төрағасының орынбасары.

БІРЛІКТІҢ БЕРІК ТҰТҚАСЫ

1-бет

Біздің жаңа ауқымды әлеуметтік жобаларымыздың негізі үш қағидаттан тұрады.

Бірінші.

Қазақстанның ұлттық байлығы – қоғам игілігі.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің ұлттық байлығы азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға ықпал етіп келеді.

Бұл экономиканың өсімі, еліміздің резервтері арқылы жүргізілуде. Соның арқасында инфрақұрылымды дамытып, әлеуметтік саланы өркендетіп отырмыз.

Егемен ел болғалы 12 мың шақырым автомобиль жолы салынды және қайта жөнделді, 2,5 мың шақырымнан астам жаңа темір жол желісі пайдалануға берілді.

Соның бәрі экономиканы дамытуға, еліміздің барлық тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға септігін тигізуде.

Осы жылдар ішінде заманауи медициналық құралдармен жабдықталған 1300-ден астам ауруханалар, емханалар мен амбулаториялар салынды. Соның нәтижесінде өмір сүру ұзақтығы артып, өлім-жітім азайды және ана мен балаға қолдау көрсетілді.

1545 жаңа мектеп пен 500-ден астам балабақша – біздің балаларымыздың болашағы үшін салынды.

70 стадион, 36 спорт сарайы, 8 мыңнан астам спорт алаңдары мен залдары ашылды. Бұл дегеніміз – денсаулық кепілі.

Музейлер саны 2,7 есе, театрлар саны 1,5 есе, кітапханалар саны 1,4 есе өсті.

Осы айтылған барлық әлеуметтік, мәдени және спорт нысандары бүкіл халқымыз үшін салынып, жұмыс істеп жатыр.

Әр қазақстандық еліміздің өркендеуіне үлес қосуда.

Өйткені, біз еңбек етіп жалақы аламыз, содан кейін оны еліміздің дамуына жұмсаймыз.

Сол арқылы ортақ игіліктерді қалыптастырып, Қазақстан әлеуетінің артуына атсалысамыз.

Екінші.

Әлеуметтік капиталға салынатын инвестиция көлемін арттыру.

Біз әлеуметтік капиталды еселей отырып, келешегімізді нығайта түсетінімізге сенімдімін.

Бұл – прагматикалық ақиқат.

Себебі, әлеуметтік капитал – адам мен қоғамның дамуына жетелейтін әлеует.

Біз адам басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемін арттыру үшін үлкен жолдан өттік. Ол 600 доллардан 10 мың долларға дейін көтерілді.

Бұл – әлеуметтік капиталға салынатын инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік беретін база.

Бір ғана мысал: биылғы қаңтар айында Дүниежүзілік экономикалық форумда мемлекеттерді бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді.

Ол – ішкі жалпы өнімнің өсуіне және басқа да он бір параметрге байланысты болатын инклюзивті даму индексі.

Бұл индекстің басты көрсеткіші – әл-ауқат деңгейі.

Дамушы 74 елдің рейтингінде Қазақстан 15-орында.

Меніңше, бұл – лайықты нәтиже!

Қазақстандықтар еліміздің жетістіктері мен жеке әл-ауқаты арасында тікелей байланыс бар екенін айқын көріп отырғанына сенімдімін.

XXI ғасырдың басымен салыстырғанда бүгінгі жағдайымыз – жер мен көктей. Бұл өзгерістер әрқайсымыздың өмірімізде байқалады деп ойлаймын.

Мен Тәуелсіздікке қол жеткізген өткен ғасырдың 90-жылдарының басындағы көрсеткіштерді айтпай отырмын.

Біз алдағы уақытта да қазақстандық әр отбасының әл-ауқатын арттыру үшін әлеуметтік капиталды барынша көбейтетін боламыз.

Мен үшін адамның өз ісіне және бүкіл елімізге деген жауаптылықты сезінуі, өзін шаруакор адам ретінде көрсетуі маңызды.

Мен 5 наурызда айтқанымдай, «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» идеясы дәл сол кезде жаңа мәнге ие болады.

Осы қағидаттардың жүзеге асуы халқымыздың болашаққа деген сенімін нығайтады деп кәміл сенемін.

Алайда, бұл жерде мейлінше нақты сұрақ туындайды.

Әлеуметтік бірлікті толық нығайту үшін қандай шаралар қабылдау қажет?

Менің бұған берген президенттік жауабым – **«Бес әлеуметтік бастама»**.

Бұл ретте, **«Бес бастама» – ең маңызды бес әлеуметтік проблеманың шешімі** екенін ерекше атап өтемін.

Барша қазақстандықтар сияқты Ассамблея мүшелері де бұл бағдарламаның мазмұнын біледі, сондықтан тек басты тұстарына ғана тоқталып өтейін.

Бірінші бастама баспанасы жоқ адамдарға жаңа мүмкіндіктер беріп, тұрғын үй ипотекасының қолжетімді болу мәселесін шешеді.

Бәріміз жайлы тұрмыс үшін баспананың алатын орнын жақсы түсінеміз.

Сондықтан мен бұл бағдарламаны бірінші орынға қойдым.

Жұмыс істейтін кез келген азаматтың жаңа талаптар бойынша ипотекаға қол жеткізе алуы айрықша маңызды.

Бұл дегеніміз – біздің миллиондаған азаматтарымыз!

Олар мерзімі 25 жылға дейін ұзартылған арзан ипотека ала алады.

Осыған орай, бастапқы жарна 20 пайыздан аспайтын болады, ал бұрын бұл 50 пайыз болған еді.

Екінші бастаманың мәні, өздеріңізге мәлім, жалақысы төмен еңбеккерлер үшін салық жүктемесін азайтумен байланысты.

Біз жеке табыс салығын төмендете отырып, 2 миллионнан астам адамның жалақысын өсіреміз.

Әлемдегі кез келген ел әлеуметтік жауапкершіліктің осындай үлгісін көрсете бермейді!

Прогрессивті салық салу ісіне нақты қадам жасалды.

Мен түрлі пікірлердің бар екенін білемін.

Алайда, табыс салығын жалақысы төмен тұрғындардың пайдасы үшін қайта қарастырудың қажетті әрі игі іс екеніне сенімдімін.

Үшінші бастама жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасына қатысты.

Біз гранттар санын, әсіресе техникалық мамандықтар бойынша, үштен бір еседей арттырдық.

Бұл жерде тапшылық бар.

Соңғы жылдары жұрттың бәрі заңгер, экономист болуды қалайды. Ондай мамандар бізде жеткілікті.

Білім беру ісі жыл сайын сапалы түрде дамып келеді.

Сондықтан талапкерлердің отандық жоғары оқу орындарын таңдағаны жөн.

Бұл бастама – студенттік жатақханалар проблемасын шешу жөніндегі менің нақты тапсырмам.

Олар жай қонып шығатын орынға ғана емес, жайлы тұрып, білім алуға арналған толық базаға айналуы тиіс.

Біздің «100 жаңа оқулық» жобасын іске асырып, гуманитарлық білімді түбегейлі жаңартып жатқанымыздың мәні зор.

Мен бұл жөнінде жаңа кітаптардың жуырда өткен таныстыру рәсімінде айттым.

Бұл шаралардың бәрі жоғары білімнің деңгейін арттыратынына сенімдімін.

Төртінші бастама – шағын несие беру аясын кеңейту.

Мұндағы мақсатымыз – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздар арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту.

Мен жеңілдетілген шағын несие алатындардың санын екі есе арттыру жөнінде Үкіметке тапсырма бердім.

Бұл бағдарламаның ауылдық жерлер үшін маңызы зор.

Адамның өз кәсібі болған кезде, ол сенімді жүреді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы азаматтарымызды бизнестің қыр-сырына үйретіп, маңызды жұмыс атқаруда.

Көптеген адам кәсіпкерлікті меңгеріп шықты.

Енді оларға бастапқы капитал қажет. Шағын несиені бірінші кезекте соларға беру керек.

Барлық өңірдегі Ассамблея мүшелерінің арасында көптеген табысты стартаптар мен бизнес жобалар бар екенін білемін.

Мыңдаған қазақстандықтар, әсіресе ауылдық жерлерде, соларға қарап, өздерінің жеке кәсібін аша алады.

Бүгінде мемлекет бұған мүмкіндік беріп отыр.

Бесінші бастама – елімізді одан әрі газбен қамту.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан қуатты мұнай-газ өндіруші елге айналды.

Бірақ біздің кен орындарымыз еліміздің орталығы мен солтүстігінен шалғайда орналасқан.

Соңғы уақытқа дейін бізде құбыр желісі құрылысына қаржы жетіспеді.

Енді ел ішін газбен қамту аясын кеңейтетін кез келді.

Өздеріңіз білетіндей, біз Орталық және Солтүстік Қазақстанға жаңа газ құбырын тартатын боламыз.

Жоба биылғы жылдың шілде айында бастау алады.

Нәтижесінде, миллиондаған қазақстандықтардың үйлеріне көгілдір отын жеткізіледі.

Бұл ішкі тұтынушылардың санын арттырады, сондай-ақ тұрмыс деңгейін көтеруге және шағын бизнесті кеңейтіп, экологияны жақсартуға жол ашады.

Газбен қамту ісін одан әрі жалғастыру маңызды болып отыр.

Сонымен, **Президенттің бес бастамасы дегеніміз, бұл – ауқымды бес әлеуметтік жоба**.

Ең бастысы: олардың барлығы әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әрі бүкіл қоғамға арналған.

Бұл – жалпыұлттық жобалар. Жергілікті жерлерде Ассамблея мүшелері бұған белсене қатысып, олардың орындалуын «Нұр Отан» партиясымен бірлесе бақылауға алуы керек.

Турасын айтқанда, мұның бәрі мемлекет үшін арзанға түспейді.

Бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру үшін жалпы 2,6 триллион теңгеден астам қаржы бөлуді жоспарлап отырмыз.

Бұл – өте үлкен қаражат, біздің адамдарымызға, олардың болашағына бағытталған тікелей инвестиция.

Мұндай әлеуметтік саясат жалғаса береді.

Бүгінде, қазақстандықтар Үкіметтің не істеп жатқанын, тапсырылған міндеттерді қалай орындайтынын – барлық іс-қимылын мұқият бақылап отыр. Мұны мен білемін.

Сондықтан да Ассамблея сессиясының жұмысына Премьер-Министр, Ұлттық банк төрағасы, Білім және ғылым министрі қатысып отыр.

Үкімет мүшелерінің Қазақстан Халқы Ассамблеясы делегаттарына айтары бар деп ойлаймын.

Құрметті сессия делегаттары!

Алға жылжу үшін **бірқатар міндетті шешу қажет**.

Бірінші. Ассамблея жаңғырудың өзекті міндеттерін орындау үшін азаматтық қоғам өкілдерінің қатысу аясын кеңейтуге тиіс.

Ассамблеяның елеулі әлеуеті бар.

Бұл – мыңнан астам этномәдени бірлестік, бес мыңға жуық қоғамдық келісім кеңестері мен аналар кеңестері.

Осы әлеуетті барынша белсенді ету үшін менің тапсырмаммен «Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Парламент оны қарастырғаннан кейін мен оған қол қойдым.

Енді жаңарған заңды жүзеге асыру үшін нақты жоспар керек.

Атап айтқанда, этномәдени бірлестіктер мен Достық үйлері мәдениет, тіл, дәстүр саласында жұмыс жүргізіп жатыр.

Бұл жұмысты жалғастыра беру қажет.

Үкімет қазақстандық этностардың мәдениетін дамыту үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды жинақтауға тиіс.

Әлеуметтік бірлік жолындағы жұмыстарды ескере отырып, үкіметтік емес ұйымдар үшін берілетін гранттардың тақырып аясы кеңейтілсін.

Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне «Нұр Отанмен» және Ассамблеямен бірлесіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен жаңа әлеуметтік бастамаларды ілгерілету үшін ғылыми-ағарту жобасын әзірлеуді тапсырамын.

Екінші. Жаңғырудың басымдықтарын, әлеуметтік саясатты, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ескере отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму жоспары мен Концепциясын сапалы түрде жетілдіру қажет.

Үшінші* Ассамблея мемлекеттік органдармен бірлесіп, қайырымдылық жұмыстарын жалғастыра беру керек.

Тек өткен жылы аз қамтылған 60 мың отбасы мен 8 мың әлеуметтік ұйым көмек алды.

Төртінші. Ассамблеяның «Жаңғыру жолы» атты жаңа жастар қозғалысы жастарды жаңғыру аясында біріктіруі керек.

Күш-жігерімізді жастардың өзекті стартаптарын қолдауға бағыттау қажет.

Бесінші* Астана, Алматы және облыс әкімдері, сондай-ақ Ассамблея аудандар мен округтердегі Қоғамдық келісім кеңестерін жергілікті бюджетті тиімді пайдалануға жұмылдырсын.

Кеңестер агроөнеркәсіп секторында ақылды технологияларды ілгерілетуге де көмектесуі керек.

Бұл жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға, менің Жолдауым мен әлеуметтік бастамаларымды іске асыруға қосылатын үлес болмақ.

Алтыншы* Биыл біз елорданың 20 жылдығын атап өтеміз.

Астана – бірлік пен келісімнің жалпыұлттық үлгісі.

Қала әкімдігі Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп, «эталонды стандарт» ретінде қабылданатын елордалық Ассамблеяның бағдарламасын әзірлеуі қажет.

Астанада Достық үйін ашу мәселесін шешетін кез келді деп санаймын.

Ол үшін Бейбітшілік және келісім сарайы қолайлы болады деп ойлаймын.

Жетінші* Менің тапсырмам бойынша 1 наурыз – Алғыс айту күні Ассамблеяның жаңа мультимедиялық порталы ашылды.

Ол жалпыұлттық бірігудің маңызды ресурсына айналуы керек.

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ассамблеяның ақпарат кеңістігінде насихатталуын қамтамасыз етіп, бейбітшілік және келісім тақырыбы бойынша әлеуметтік роликтер циклін дайындауы қажет.

Сегізінші. Қоғамның бірлігі тұрақты ғылыми зерделеуді талап етеді.

Ассамблеяның ғылыми-сараптамалық қоғамдастығы, сондай-ақ, менің тапсырмам бойынша құрылған этносаралық қатынастар және демография ісі жөніндегі орталықтар нақты осы бағытта жұмыс істеуде.

Бұған жетекші жоғары оқу орындарындағы 40-тан астам кафедра мен Ассамблея орталықтары да атсалысады.

Тек өткен жылдың өзінде Ассамблея құрылымдары ондаған кітап пен жүздеген мақала дайындады.

Бұл жұмысты жүйелі түрде ұйлестіру керек.

Осы айтылған барлық міндеттердің орындалуы Ассамблея жұмысын жаңа деңгейге көтереді деп сенемін.

Құрметті достар!

Бірлік пен қарқынды дамудың арқасында біз көп нәрсеге қол жеткіздік.

Жаңа тарихи кезеңде бізді біртұтас ұлтқа ұйыстыратын, көздеген мақсаттарымызға жеткізетін қажетті алғышарттардың бар екеніне сенімдімін.

Халықтың бірлігі – жаңарған Қазақстанды өркендетудің басты шарты. Солай болған және бола бермек!

Барша қазақстандықтарды және еліміздің қонақтарын келе жатқан мереке – Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және бейбіт өмір тілеймін!

ЫНТЫМАҚТЫҢ ЫРЫСЫ

Сыр өңірі – алмағайып заманда сан ұлтты бауырына басқан, сол арқылы бүгінде берекеге кенелген бірлік пен ынтымақтың мекені. Жергілікті халықтың дархан пейілінің арқасында ұлы өзеннің жағалауында қаншама ұлт пен ұлыс бір-бірімен жарасып, тату-тәтті күй кешуде. Қазіргі таңда оларға тарихын тануға, мәдениетін өркендетуге қолайлы жағдай жасалған.

Өңірімізде 11 ұлттық этномәдени бірлестік бар. Олар елдің дамуына өз үлестерін қосып, бірлік пен татулықтың негізін қалауда.

«Lev ami» Қызылорда облыстық еврей этномәдени бірлестігі: 2006 жылдың наурыз айында құрылған. Оның төрайымы Ли Людмила Ивановна. Бірлестіктің негізгі мақсаты – еврей халқының тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін сақтау, дамыту.

Этномәдени орталық барлық іс-шараларға белсене араласады. Облыстағы басқа да этностармен бірігіп Наурыз, Қазақстан халқы бірлігі күні мерекелерін тойлайды. Сонымен қатар ұлттық мерекелер Роша-шана, Ханука, Песах мерекелерін атап өтеді. Бүгінде олар тарихи Отанымен тығыз байланысып тұрады.

1989 жылы Алматы және басқа да облыстық қалаларда корейлердің мәдени орталықтарын ашу жұмыстары қолға алынды. 1990 жылы 17 наурызда Алматы қаласында Қазақстан корейлерінің құрылтай конференциясы өткізіліп, онда Қазақстан корейлерінің мәдени орталықтарының республикалық ассоциациясы құрылды. Осылайша «Қызылорда облысының корейлер ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істей бастады. 1995 жылдан бері ол Қазақстан корейлерінің қауымдастығы деп аталады. Бұл қауымдастықтың жұмыстарының басым бағыттары: корей тілі мен салт-дәстүрлерін қайта жаңғырту, тарихын зерттеу, өзіндік қайталанбас мәдениетін, өнерін, әдебиетін дамыту, Қазақстандағы демократиялық, құқықтық мемлекет құру үдерісіне корей этносының белсенді араласуын қамтамасыз ету, халықтар арасындағы достықты нығайту, халықаралық мәдени-экономикалық байланыстарды дамыту. Қазір құрылым мақсатына сай жұмыс істеп, Сыр бойында ұлтаралық келісімнің салтанат құруына үлес қосып келеді.

Татар этномәдени бірлестігі 1991 жылдың 27 қаңтарында құрылды. Тәуелсіздікпен бірге шаңырақ көтерген орталық аталған жылдар ішінде еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. Бірлестіктің алғашқы төрайымы Нағима Ахмадеева. Бірлестікті 20 жыл көлемінде Галия Гизатуллина басқаруда. Бүгінгі күні Қазақстанда 300 мыңға жуық татар ұлтының өкілі өмір сүріп келеді. Ал, Сыр елінде 1500 татар этносы бар.

«Славяне» қоғамдық мәдени орталығы 1997 жылдың 16 шілдесінде құрылған. Осыдан 20 жыл бұрын шаңырақ көтерген бірлестік аталған жылдар ішінде еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосуда. Бірлестіктің алғашқы төрайымы Литвинова Нелли Трофимовна болатын. 1998 жылдан бастап Щербакова Галина Сергеевна басқарып, орталықтың жұмысын жүйелеп, негізін қалады. Бүгінгі күні Сыр елінде 15571 славян этносы бар. «Славяне» қоғамдық-мәдени орталығы жанында «Халықтық қолөнерге үйрету» клубы, «Сударушки» вокалды тобы, «Надежда» жастар клубы, «Веселушки» вокалды тобы және «Жемчужинка» би тобы жұмыс жасайды. 2004 жылдан бері «Қазақстан мен Ресей мәңгілік бірге» атты дәстүрлі фестиваль өткізіліп тұрады. Бұл фестиваль 2014 жылдан бастап «Достықта шекара жоқ» деп аталады. Он жылдан астам уақыт бойы қалалық деңгейде «Масленица» мерекесі аталып келеді.

«Беркат» Қызылорда облыстық шешен этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі. Қазақстандағы алғашқы шешен-ингуш халқының қоғамдық бірлестігі 1989 жылы Алматы қаласында құрылды. 1995 жылы ҚР Әділет министрлігінен «Беркат» шешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту ассоциациясы болып қайта тіркеуден өтті. Өңіріміздегі бірлестік 2003 жылы құрылған. Тағдырдың жазуымен қазақ жеріне қоныс аударып, Қазақстан өз Отандарына айналған шешен диаспорасы еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді.

Аймағымызда тұратын этникалық гректердің саны көп емес. «Понтийцы» этномәдени орталығы грек халқының ұлттық киімдерін тігіп, ұлттық би билеумен айналысады. Өздерінің ұлттық аспаптарында ойнайды. Қара теңіз жағалауында тұратын барлық халықтарға (түрік, болгар) ортақ музыкалық аспап – кеменджеде ойнауды үйрету – олардың басты мақсаты. 2014 жылдан бастап, «Понтийцы» этномәдени орталығын Федор Филиппович Алхазов басқарады.

Қырғыз этномәдени орталығы қоғамдық бірлестігі. Қазақстанда ресми тіркелген он мыңға жуық қырғыз өмір сүреді. Бүгінгі күні Қазақстан қырғыздарының ассоциациясын құру жұмыстары жүргізілуде. 2010 жылы маусымда Қызылордада облыстық қырғыз ұлттық-мәдени орталығы құрылды. Орталық жетекшісі болып Жұбатқанов Сақтапберген Әнесұлы сайланды.

«Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалы. Қазақстандағы орыс қауымы қоғамдық бірлестік ретінде 1992 жылы қыркүйекте тіркелген. Ұлтаралық тұрақтылық пен татулықты сақтауға белсене араласуды мақсат еткен ұйым құрылған уақыттан бері орыс қауымы әлеуметтік-мәдени мәселелермен тұрақты айналысып, оның шешілуіне үлкен мән беріп келеді. «Русская община Казахстана» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы осы мақсатты негізге ала отырып, өз жұмысын облысымыздағы өзге де этномәдени бірлестіктермен тығыз байланыста жүргізеді. Құрылған кезінен бастап орыс қауымдастығы жергілікті билік пен қала, облыс тұрғындары арасында таныла бастады. «Русская община Казахстана» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Владимир Толоконников.

Өзбек этномәдени бірлестігі де – облыстағы белсенді ұйымдардың бірі. Құрылған уақытынан бастап қазіргі күнге дейін оның төрағасы Ашур Хамидов болды. 2016 жылдан бірлестікті Қахар Дадашев басқарып келеді. Жергілікті халықпен біте қайнасып кеткен өзбек этносы ел бірлігін бекіте түсетін шаралардың белортасынан табылып келеді.

«Қызылорда облыстық түрік этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі. 2004 жылы 22 желтоқсанда құрылған. Орталықтың мақсаты – түрік ұлтының салт-дәстүрлері мен мәдениеті, түрік тілін насихаттау. 2005 жылғы мәлімет бойынша облыс аумағында 2500 түрік диаспорасы тұрады. Олар негізінен Қармақшы, Жаңақорған, Шиелі аудандарында қоныстанған. Бірлестік жетекшісі Гүлчин Гейдарова.

Неміс ұлттық-мәдени орталығы 1998 жылы 7 қазанда тіркелген. Орталық неміс ұлтының мәдениеті мен тілін қайта өркендету, әлеуметтік қорғау мәселелерімен айналысады.

Бұл орталықтардың басты мақсаты аймақтағы халықтар арасындағы ынтымақты нығайтып, өз ұлттарының мәдени мұраларын сақтау. Сондай-ақ, еліміздегі ұлтаралық келісім мен өзара түсіністікті қалыптастыру. Мұндағы орталық өкілдері ел өміріндегі әрбір мәселеге бейжай қарамай өз үлестерін қосып келеді. Сонымен қатар, өз тараптарынан түрлі шараларды ұйымдастыруды жолға қойған.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ, ОРТАҚ БАЙЛЫҚ ЕЛ ҮШІН

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2018 жылы Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім» деген болатын.

Қазақстанның қандай да бір жетістіктері сенімді тірек саналады. Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеген 10 міндетті орындап шығу үшін ең бірінші кезекте елімізде тыныштық, бейбітшілік заман болып тұруы тиіс.

Иә, Ислам дініндегі құндылықтарының төресі – бейбітшілік пен келісім. Өйткені бейбіт өмір ғана дін адамына Жаратушының алдындағы пенделік міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Ал зайырлы қоғам тұрғысынан қарасақ, бейбітшіліктің маңызы тіпті өлшеусіз. Дін ісі де, дүние ісі де бейбітшілік жағдайында ғана көгеріп-көктейді. Осыны түйсіну өз кезегінде отансүйгіштік сезімдерге тәрбиелеп, елдік мұраттарға жетелейді. Өйткені тыныштық, тұрақтылық пен татулық тек заңдылыққа, тәртіпке, жүйеге негізделген біртұтас құрылым – мемлекет аясында ғана орнайды. Сондықтан да Исламда «Отанды сүю – иманнан» делінеді, дінге қызмет елге қызмет деп бағаланады. Діннің рухани әлеуеті мен шынайы мазмұны адамзат өміріне терең рухани мағына дарытатын, оны өркениет шыңына жетелейтін осындай кең өрісті дүниетанымнан бастау алады.

Қазақ халқы ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі Ислам діні қоғамда, мемлекетте тыныштықты, адамгершілікті, парасаттылықты насихат етеді. Алла Тағала адам баласын Құран Кәрімде: «Ол жаратылғандардың ішіндегі ең абыройлысы», – деп дәріптейді. Сондықтан, ата-бабаларымыз осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, ұрпағын ізеттілікке, ізгілікке тәрбиелеген. Халқымыз ғасырлар бойы дінді руханияттың негізі санап келді. Ұлттың рухани құндылықтары дін қағидаларымен үндесіп жатты. Ата діниміз Исламдағы адамгершілік, сыйластық, өзара құрмет, келісім, имандылық, білімге құштарлық, еңбекқорлық, отансүйгіштік сияқты асыл құндылықтар мен қасиеттер ұлтымыздың болмысында бұрыннан бар мінездермен астасып, рухани құндылықтардың қайталанбас кешенін құраған болатын. Яғни, дін руханияты дәстүрлі құндылықтарға негіз болып қаланды.

Елбасымыз айтқандай: «Еліміздің бірлігі мен тұтастығын, ынтымағы мен бейбітшілігін сақтап қалу әр қазақстандықтың ел алдындағы, мемлекет алдындағы борышы. Жастар еліміздің тірегі. Елдің ертеңгі болашағы! Ата-бабаларымыз аманат етіп кеткен салт-дәстүрімізді, тіліміздің, мәдениетімізді, дініміздің келер ұрпаққа жеткізетін — ол жастар». Иә Президентіміз ел болашағы білімді жастар екенін үнемі айтып келеді. Осы бағытта жас буынға білім берудің барлық деңгейінде оқыту сапасын күшейту қажет болады. Діни сауаттылықты арттырып, қоғамда орын алып жатқан түрлі көзқарастарға білім арқылы тосқауыл болуымыз керек.

Алла тағаланың ең алғашы аяты да «Икро», яғни, «Оқы» деп басталатынын әрбір мұсылман жақсы біледі. Міне, бұл дініміздің білім мен ғылымды ізденуге қаншалықты көңіл бөлгендігінің көрінісі. Осы сияқты аяттар Алланың қасиетті кітабында көптеп кездеседі. Осымен қатар білім мен ғылым туралы көп айтылған. Алла бір нәрсенің маңыздылығына назар аударткысы келсе, оны кітабында көп қайталаған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұстанатын дәстүрлі мектебіміз Әбу Ханифа мәзһабын ұстанып, салт-дәстүрімізді дәріптеп, ғибратты ғұмыр кешу – адамгершілігіміздің, мұсылмандығымыздың белгісі.

Жеңіс САДЫҚОВ,
Құддыс ишан мешітінің имамы.

САПАР

ОҢТҮСТІК АУДАНДАРДА ОҢДЫ ІС КӨП

Бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Жаңақорған, Шиелі аудандарында іссапармен болып, жылдың алғашқы күріш егу рәсіміне қатысты. Аймақ басшысы сапар аясында өндіріс орындары мен жергілікті кәсіпкер жұмысымен танысып, әлеуметтік, мәдени нысандарды аралап көрді.

ЖАҢАҚОРҒАН: ӨНДІРІС ӨРГЕ БАСТЫ

Аймақ басшысы әуелі Жаңақорған ауданында болып, «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішінде тау-кен байыту комбинаты құрылысының барысымен таныс болды. Бүгінде ТМД елдерінің ішінде Қазақстан бұл металдың ең ірі өндірушісі болып табылады. Ал, Шалқия – елімізде ғана емес, дүние жүзінде мырыш өндіретін алып кеніштің бірі. «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ акциялары 2014 жылы «Тау-Кен Самұрық» АҚ жарғылық капиталына берілген. Мұнда қазір жобалау жұмыстары жүзеге асуда. «Шалқия» кен орнын игеру, сыртқы электрмен жабдықтау жобасы, тау-кен жұмыстарын дамыту жоспарын жетілдіру, кеннің байытылуын зерттеу, ішкі инфрақұрылым жобалары, сумен жабдықтау жұмыстары қолға алынған. Сондай-ақ, «Выдачная» шахтасының апаттық жағдайда тұрған кен қазбалары қалпына келтірілген. Жаңа кен байыту фабрикалары іске қосылса, кеніштің өнімділігі жылына 4 млн тоннаға артады. Тарқатып айтсақ, 2017-2019 жылдары жобаның бірінші кезеңі жүзеге асып, жылына 2 млн тонна кен өндірілсе, 2021 жылы екінші кезең аяқталып, жылына 4 млн тонна өнім өндіруге мүмкіндік алады.

– «Самұрық Қазына» ҰӘК» АҚ қаржыландыруымен көптеген мәселенің түйіні тарқады. Сонымен бірге жоба үшін «Еуропалық қайта құру және даму» банкінен займ алу мәселесі шешілуге жақын. Мамыр айында конкурстың алғашқы легі басталады. Бірі – кен байыту фабрикасын салатын, екіншісі – кеніште, рудникті қайта құратын екі мердігер анықталады, – деді «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі Нажмадин Мұсабаев.

Шалқыған Шалқияның өнімі – дүйім елдің игілігі. Қорғасын-мырыш кен орнын қалпына келтіру және комбинат құрылысының жобасы 2015 жылы республикалық Индустрияландыру картасына енген болатын. Өткен жылы мұнда жұмысшыларға арналған жатақхана салынды. Қазір кәсіпорында 710 адам еңбек етсе, пайдалануға берілгеннен кейін жұмысшылар саны 1500-ге жететін болады.

Облыс әкімі Жаңақорғандағы сапарында Сығанақ қалашығында болып, мұндағы археологиялық және қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Орта ғасырда Қыпшақ хандығы, Ақ орда, Қазақ хандығы мемлекеттеріне астана болған Сығанақ республикалық маңызы бар тарихи ескерткіш. Мұнда Қ.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «Археология» ғылыми-зерттеу орталығы 2014 жылдан бастап қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Алда тағы үш жылдық жұмыс жоспары бар. Биыл сәуір мен тамыз айларында қалашықтың шығыс жақ қақпасы тұрғызылады. Екі жақ қамалы 3 метрге дейін көтерілсе, қақпаның биіктігі 1,5 метрге жетеді. Осы кезге дейін бой көтерген қақпаның төменгі бөлігінің кірпіші бөлек. Қызметкерлердің айтуынша, бұл қазба жұмысы кезінде табылған Сығанақтың өз кірпіші екен. Жобаның бас мердігері «Қазқайтажаңғырту» РМК құрылысты орта ғасырдағы Сығанақ қандай болса, дәл сондай бейнеде тұрғызуды жоспарлаған. Әзірге қамалдың аз ғана бөлігі қаланыпты. Сондықтан, ғалымдардың алдында тарихи мекенді одан әрі тереңірек зерттеу міндеті тұр. Бұрын археологтар мен тарихшылар ғана «мына жерде мешіт, мына жерде қақпа болған» деп ойша елестетсе, енді ашық аспан астындағы мұражайға келушілер қайта тұрғызылған нысандарға қарап, тарихқа бір қадам жақындай түседі. Археологиялық жұмыстармен танысқан аймақ басшысы «Сығанақ қалашығы мәдени туризм орталығына айналуы тиіс» деп атап өтті.

ШИЕЛІ: ДАМУДА ДИНАМИКА БАР

Облыс әкімі Шиелідегі жұмыс сапарында қуаттылығы 1 млн тонна болатын цемент зауытының құрылысымен танысты. Тампонажды цемент зауыты – Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының бірлескен кәсіпорыны. Өткен жылдың желтоқсанында, индустрияландыру аясындағы жалпыұлттық телекөпірде Мемлекет басшысы зауыттың құрылысымен танысқан болатын. Ел үшін игілігі мол зауыт өнімі құрылыс, мұнай-газ және уран өндірісінде кең қолданылады.

«Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС директоры Ли Цзиньцин жобаның жүзеге асырылуы туралы баяндап, құрылыс жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бұл жердегі құрылыс өткен жылы басталған болатын. Осы жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған зауытта дәл қазір құрылыс қарқыны қатты. Кәсіпорын іске қосылғанда 260 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады. Қазір мұнда 658 адам жұмыс істейді, оның жартысы біздің елдің азаматтары.

Кәсіпорынның жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыратын ықпалы әлден-ақ байқалуда. Бүгінде Шиелідегі жұмыссыз жастардың ішінен 48 адам іріктеліп, аудан орталығындағы техникалық колледжде білім алуда. Келесі айда осы бір топ жас Қытайға аттанып, бірнеше ай мамандық бойынша біліктілігін арттырады. Демек, жаңа экономикаға жаңа, жас кадрлар дайындалуда. Қазір зауыт жанынан 200 орынға арналған жұмысшылар кенті салынып жатыр. «Бұл бастаманың басы ғана, екінші лекте 70-ке тарта ел азаматы осылай кәсіби білім алып, тампонажды цемент дайындаудың маманы болады», – дейді аудан әкімі Әшім Оразбекұлы. Білікті, сапалы кадр дайындау – экономиканы индустрияландыруға деген маңызды қадам.

Сапар барысында аймақ басшысы «Бидайкөл» шаруа қожалығына барып, жылдың алғашқы күріш егу рәсіміне қатысты. Өткен жылы облыста жиналған күріш көлемі рекордтық көрсеткішке жеткені белгілі. Әр гектардан 55,3 центнерден өнім жиналып, экспорт көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 61,1 процентке артты. Жалпы Сыр елі үшін ақмаржан – несібе мен береке. Кездесуде аудан ардагерлері, диқандар ақмаржан бітік шығып, ел ризығы мол болсын деп, бата жасады.

«Бидайкөл» шаруа қожалығы туралы сандарды сөйлетсек, 2014 жылы құрылған шаруа қожалығы өткен жылы 1300 гектар жерге күріш дақылдарын егіп, 8840 тонна өнім жинаған. Талғат Байдалиев төрағалық ететін қожалық биыл күрішті 1300 гектар аумаққа егуді жоспарлап отыр. Қазір 500 гектар жерге дән себіліп, суға бастырылыпты.

Облыс әкімі «Ақмая» шаруа қожалығының жұмыс барысымен де танысты. 2014 жылы құрылған шаруа қожалығы егін саласында жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Өткен жылы 1400 гектар күріш дақылының әр гектарынан 71 центнерден өнім алған диқандар биыл да ел несібесін молайтуға күш салады.

«Ақмая» ағымдағы жылы 2500 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыруда. Оның ішінде, 1400 гектарға күріш дақылы, 244 гектарға күздік бидай, 56 гектарға мақсары, 379 гектарға жаңа жоңышқа, 580 гектарға ескі жоңышқа және 150 гектарға көкөніс, бақша дақылдарын егеді.

Шиелі ауданында биыл 270 гектар жерге қызанақ егіледі. Оның ішінде 70 гектар аумақты құрайтын көкөніс пленкамен қапталған. Пленка біріншіден, қызанақты суық пен қатты ыстықтан қорғайды, екіншіден, тез өнім алудың амалы. Ел жазғытұрым дәруменге бай көкөністің қоры азайғандықтан, жылыжайдың өнімін пайдаланатыны рас. Енді ең алғашқы болып, жаз айының басында пленка астындағы қызанақтар өсіп шығады.

Облыс әкімі сапар барысында жеке кәсіпкер Қанат Мұсаевтың қызанақ алқабын аралады. Кәсіпкер 27 гектар жерге, оның ішінде элиталық қызанақтың «Таня» сортын – 7 гектарға, қауынның «Торпеда», «Басинка» сорттарын – 11 гектарға, қарбыздың «Бархан» сортын 13 гектар жерге егіп бастаған. Көкөністің тұқымы Оңтүстік Қазақстаннан әкелінген.

– Пленка сәуір айының басындағы суықта қызанақты үсуден сақтады. Сондықтан, мұның әлі де пайдасы мол деп ойлаймыз. Жаңа әдіспен, жоспар бойынша маусым айының бірінші онкүндігінде қарбыз, екінші онкүндігінде қызанақты сатылымға шығарамыз. Көкөніс пен бақша дақылдарын Ресейге, Мәскеу, Самара облыстарына жіберуге келісімшарт жасалды, – деді Қанат Барлыбайұлы. Облыс әкімі жұмыс жайымен танысқан соң, мәселелердің бар-жоғын анықтап, экспорт көлемін ұлғайтуды тапсырды.

Түгін тартсаң, майы шығатын Шиелі топырағы жеміс ағаштарын өсіруге қолайлы. Гигант ауылдық округіне қарасты «Нәлібай» шаруа қожалығы биылғы жылдан бастап, 10 гектар жерге алма көшетін отырғызды. Төрағасы – Қыдырәлі Есенбеков.

Жалпы, Шиеліде алма туралы ауыз толтырып айтуға болады. Аудан әкімінің айтуынша, жылдан-жылға, жоспар да, алмалы бақтың көлемі де ұлғая түспек. Өткен жылы 30 гектар жерде алма ағашы егілсе, биыл 70 гектар аумаққа дейін алма көшеті отырғызылады. Ал келесі жылы 100 гектар аумақты алма бағы деп атайтын боламыз.

«Нәлібай» шаруа қожалығына қайта оралсақ, бүгінгі күні баққа Оңтүстік Қазақстан облысынан әкелінген жиырма мың түп «Симиренко», «Крепсон», «Золотой превосход» және «Розмарин» сорттары егілген. Биылғы жылы отырғызылған алма көшеттері 2020 жылға қарай өнім беріп, 10 гектар жерден 400 тонна алма жиналады.

Облыс әкімі қожалық жұмысшыларын көктемгі дала жұмыстарының басталуымен құттықтап, мол өнім алуларына тілектестігін жеткізді.

Мұнан кейін жұмыс тобы Бәйгекөм ауылындағы Ханқожа көліне табан тіреді. Аймақ басшысы көл аймағындағы туризмді дамыту жобаларымен танысты. Жалпы аумағы 400 гектарды құрайтын көл жағалауына тұрғын үйлер жақын орналасқан. Қазір 26 кәсіпкер тұрғын үй, моторлы қайықтарымен халыққа ақылы қызмет көрсетіп отыр. Олар арнайы салық органдарына да тіркелген. Көл жағалауы балық аулаумен қатар демалуға да қолайлы.

– Кәсіпкерлердің сервистік қызмет көрсетуі жақсарып келеді. Көл маңы спорттық демалу-жаттығу орталығын салуға қолайлы. Аудан-да бұқаралық спортты дамыту мақсатындағы жұмыстар жолға қойылған. Өткен жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында екі спорт кешені пайдалануға берілсе, биылғы жылы осы механизм арқылы төрт спорт кешені салынып жатыр. Ханқожа көлінде су спортын дамытуға болады. Облыс бойынша су спортынан жүлде алған спортшылар да бар. Егер бұл жоба жүзеге асса, жастардың салауатты өмір сүруіне, бұқаралық спортты дамытуға ықпалы мол болады, – дейді аудан әкімі Әшім Оразбекұлы.

Туризмді дамыту, туған жерді көркейту мақсатында аудан әкімі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның қасиетті жерлері» кіші бағдарламасына енген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің бойындағы «Оқшы ата» мазаратының кіреберісін жаңғырту жобасын ұсынды. Дәліз бойында Оқшы ата кесенесіне баратын жолдың ұзындығы 4,7 шақырымды құрайды.

Шығысында тарихи астана Сығанақпен, теріскейінде карт Қаратаумен, түстігінде желі құм суырған Қызылқұммен түйісетін Шиеліде кәсіпкерлік, индустрияландыру бағытын ауыл шаруашылығы саласын, туризмді дамытуға мүмкіндік бар.

Облыс басшысы сапар соңында ел игілігі жолында атқарылатын істерге сәттілік тіледі.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

КОНФЕРЕНЦИЯ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ БАЙЫРҒЫ ТҮРКІЛІК РУХАНИЯТ

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті мен Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Түркі жазбалары күніне арналған «Рухани жаңғыру және байырғы түркілік руханият» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған еліміздің барлық өңірлерінен ғалымдар, түркітану саласының мамандары және жергілікті жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты.

Конференцияны Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешов ашып, шараның маңыздылығына кеңінен тоқталды. Алаштың анасы атанған өңірдегі шараға сәттілік тіледі.

– Тәуелсіздік алғаннан бері тарихымыздың көптеген ақтаңдақтары, тарихи қабаттар ашылып, қазір 25 жылдың ішінде осы түркітануға үлес қосып жүрген мамандардың үлкен шоғыры қалыптасты. Бүгін сол ғалымдардың біразы Қызылордада бас қосты. Салаға қатысты мәселелер бұрын Тараз, Алматы, Өскемен, Астана және Түркістан қалаларында өткен конференцияда талқыланған еді. Түркі халықтарының зерттейтін үлкен кешені – тілтану ғылымы. Оның негізгі тірегі де – тіліміз. Орхон-Енисей заманынан көне ескерткіштен бастап бүгінгі күнге дейін жер жүзінде 50-ге жуық түркі халқы өмір сүреді. Сол халықтардың ортақ тілі, жәдігер мұрасы бар. Он тоғызыншы ғасырдың өзінде Қазанда, Мәскеуде, Санкт-Петербургте түркітануды зерттеген үлкен ғылыми орталықтар болған. Кеңес кезінде Алматыда, Ташкентте, Бакуде қалыптасты. Түркияның ірі қалаларында да зерттеліп жатыр, – деді орталық директоры.

Ал, бүгінгі шараны Қызылорда қаласында өткізудің үлкен мәні бар. Сырдың бойында ұлт тарихына қатысты құнды мәдениет, ескерткіштер қалыптасты. Тарихтың толғауын ашып, бүгінгі ұрпаққа ұсынсақ, «Рухани жаңғыруда» айтылған мәселе ұлт ретінде өзін-өзі тану, рухымызды асқақтату, өзінің тегін білген, тарихын білген ұрпақ асқақ болады. Бұл конференцияның мазмұны Елбасы көтерген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасымен үндесіп жатыр. Ербол Ердембекұлы өз сөзінде «Қасиетті Қазақстан» бағдарламасы жайлы да кеңінен айтып өтті.

Жиында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтау сөз алып, рухани жаңғырудың Сыр өңіріндегі сөрпіні мен атқарылып жатқан жұмыстарын баяндады.

– Өткен жылы Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланды. Мәдени құндылықтарымызды, ұлттық болмысымызды насихаттай отырып дамудың келесі сатысына көтерілу жолындағы ізденістерді бүгіннен бастау керектігін айтқан мақала шыққаннан бастап, елімізде, оның ішінде облысымызда маңызды іс-шаралар қолға алынды, – деді ол өз сөзінде.

Осы орайда облыс басшысының бастамасымен аймақта бағдарламаны жүзеге асыру қолға алынды. «Рухани жаңғыру» орталығы ашылып, жұмысын бастады. Аймақта «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары бекітіліп, 79 жоба жүзеге асты. Сонымен қатар, 600-ден астам іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ал, биылғы жылы 81 жоба мен 100-ден аса ірі көлемдегі шараның өңірлік жол картасы әзірленіп, бекітілді.

Сондай-ақ, халықтың игілігі үшін жасалып жатқан тың жобалардың жалғасы ретінде Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтеретін жаңа қаланың құрылысын атауға болады. Сол аумақтан әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылым объектілерімен бірге Жастар орталығы бой көтереді. Қазақ орталық атқару комитеті ғимараты үлгісіндегі музей құрылысы аяқталуға жақын. Жақын күндері осы ғимараттан аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығы орналасады. Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру жөніндегі облыстық жұмысшы топ мүшелерімен бірлесе өңірдегі қасиетті орындар сараланды. «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері облысымызда іссапарда болып, тәжірибелерімен бөлісті. Нәтижесінде өткен жылы жарыққа шыққан «Жалпыұлттық қасиетті нысандар» және 35 нысан «Өңірлік қасиетті нысандар» кітаптарына облыс бойынша зиярат ету маңыздылығы, тарихи сипаттамасы қойылған талаптарға сәйкес келетін 12 нысан енгізілді. Айта кетерлігі, өңіріміздегі 6 нысанға оғыз дәуірінің ескерткіштері Жанкент, Сортөбе, Жент, сақ мәдениеттерінің көрнекті жәдігері Шірік-Рабат қалашықтарына, Аралдың кепкен табанындағы Кердері кесенесіне және қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Одан әрі жиын барысында ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы Тілдік дайындық кафедрасының меңгерушісі, профессор Шапағат Жалмаханов «Әбілқасым әз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдеб» сөздігі (XII ғ) мен қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың тарихи тектестігі» тақырыбында баяндама жасады. Ал, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры Бекен Сағындықұлы «Қазақ метафорасы: таным мен таңбалық сипат» және Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының профессоры Шанжархан Бекмағамбетов «Әріп белгілерінің астарында адамзат өркениетінің асыл қазыналары» атты тақырыпта хабарлама оқыды. Мұнан әрі өзге жоғары оқу орындарынан келген мамандар тақырып аясында дайындаған жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды.

Жалпы, бұл ғылыми жиынның негізгі мақсаты – ортақ түркілік мәдениетіміздің үлгілерін жүйелеу мен зерттеу жөнінде пікір алмасу және қазіргі кезеңде осы салада жүрген отандық ғалымдардың басын қосып, өзара тәжірибе алмасу. Сонымен бірге конференцияда қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиіне байланысты ойларды ортаға салу болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы жаңа әліпбиге байланысты міндеттің орындалу барысы мен оның маңызы, қажеттілігі туралы да айтылды.

Мұнан кейін шара қонақтары Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өткен дөңгелек үстелге қатысты. Конференцияны мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен А. Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде өткен концерттік бағдарлама қорытындылады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»

Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жаңа технологиялар арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды көздейді. Бағдарлама шеңберінде тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру міндеті белгіленген. Осыған орай, халықтың цифрлық дағдыларын қалыптастыру үшін тренерлерді дайындау семинары өтті. Онда облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Индира Ақжігітова жаңа технологияға бейімделудің маңызы жайлы айтып өтті.

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ӘРКІМГЕ КЕРЕК

– «Цифрлық Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Бағдарламаны жүзеге асыруда 4 бағыт бар. Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету, екінші бағыт – экономиканың салаларына цифрлық технологияны ендіру. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT мамандарды даярлау. Жалпы, мұның бәрі халықтың бақуатты өмір сүруі үшін жасалып жатқан шаралар екенін түсінуіміз қажет. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, еңсесі тік көтерілгенде ғана Қазақстан дамыған өркениетті елдердің қатарына, яғни алдыңғы «отыздыққа» қосыла алады. Ал, бұл мақсатқа жету үшін еліміз Үшінші жаңғыруды еңсеруі тиіс. Алдағы кезде замана көшінен қалғысы келмеген әрбір азамат, мамандар, ғалымдар мен студенттер ұялы байланыс, телекоммуникация, сандық ТВ, кеңжолақты интернет, ақпараттық технологиялар, Е-үкімет, Е-сауда, интерактивті жарнама және әлеуметтік медиа саласындағы жаңалықтардан тыс қалуына болмайды, – деді И.Ақжігітова.

ХҚКО көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік берді. Проактивті түрде көрсетілетін қызметтердің қатары арта түсті. Бүгінде тізілімдегі мемлекеттік қызметтердің барлығы 746 болса, соның 621-і «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілген. Бұл барлық қызметтің 83 процентін құрайды. Оның 452-сін үйден шықпай-ақ Egov порталы арқылы алуға болады.

– Электронды қызметтер үлесі аймақта өткен жылмен салыстырғанда 30 процентіне артты. Бүгінде департамент қызметкерлері халықтың көп шоғырланған жерлерінде жергілікті халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру бойынша оқытулар жүргізіп жатыр. Алдағы уақытта халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытындағы шаралар жалғасын таппақ, – деді «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің директоры А.Тобаева.

Семинарға облыстағы 293 жалпы орта білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімдері, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің және аудан әкімдіктерінің жауапты мамандары қатысты. Онда облыстық білім басқармасы, «Қазпошта» АҚ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның облыстық ақпараттық технологиялар орталығы мамандары сала бағыттары бойынша дәріс оқыды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

Сынаптай сырғыған уақыт ағымы білінбей өтіп жатқанымен, өмір жолында тағылымды ісімен тәнті ететін ардақты бір адамың болады. Ондай жанның есімі қашан да санаңда сайрап тұрады. Өзіңмен кезінде тіршіліктің қазанында біте қайнасып, бірге жүрген замандастарың туралы тілге тиек еткің келсе де оның ыңғайы үнемі табыла бермейді. Бірақ, өткенсіз – бүгін, бүгінсіз келешек жоқ дегендей, өзің құрметтейтін адам туралы, оның сан қырлы қасиеті, атқарған өнегелі істері жайлы айтып отыру ешуақытта артық болмасы анық.

ЗАМАНДАС ЖАЙЛЫ ЖАҚСЫ СӨЗ

Мен замандасым Сағындық Оспанұлы жайында тілге тиек етуді азаматтық парызым деп білдім. Қашан көрсең де байсалды, сыр алдырмас сыпайы қалпынан айнымайтын бұл адаммен таныстығым 1993 жылдан басталды. Еліміз тәуелсіздік алған шақпен қатар келген нарықтық экономиканың ию-қию тірліктерінде табысты дөңгелетуге бәріміз де ұмтылдық. Қолымызда бар мүмкіндікті пайдаланып, кәсіп тапсақ оның өрісін кеңейту жолында жан-жақпен байланыс орнату қажеттігін сезіне бастадық. Қанша дегенмен, «Адамның күні адаммен» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Сол кезде облыста орналасқан «Оңтүстікмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде вице-президент қызметін атқарып жүрген болатынмын. Кімнің кім екенін біліп болмайтын күнделікті қат-қабат шаруада күрмеуі келген қысқа жіптей қызық таныстықтың куәсі болдым.

Бізге Ертіс бойында шаруашылығын енді түзей бастаған «Приречный» агрофирмасымен келісім-шартқа тұрудың сәті түсті. Егістік алқаптарын жандандырып, көкөністің сан түрін көбейте бастаған кәсіпорын үшін техникаларын жанар-жағармаймен қамтамасыз ету өте қажет екен. Семей қаласына қарасты осынау өндіріс орнының басшысы, заманның жаңаша бетбұрысына жастық жігерімен жанын сала кіріскен Мұхит Тұмабаев деген азамат болып шықты.

Міне, сол Мұхиттың сенім артқан өкілі болып Сыр өңіріне келген Сағындық Оспанұлы біз үшін де бөтен адам емес екен. Қызылорда өңірінде қара алтынның өндірілуін қолға алып, дұрыс жолға қойған, елін сүйген ардақты ер, «Оңтүстікмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің басшысы Мұрат Саламатовпен ертеден аралас-туыстас адам екенін білдік. Маңғыстау жеріндегі қара алтынның өндірісін қарқынды дамытқан Мұрат Ғазезұлының Құмкөл мұнай кәсіпорнын тыңнан қолға алып, Қазақстан экономикасының табысқа кенелуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз екенін бұл күнде күллі қазақ біледі десем, артық айтпаған болармын. Бұл туралы алда кеңінен баяндалар, әңгіме Сағындық Оспанұлынан басталды ғой.

«Приречный» агрофирмасымен басталған осы байланысымыз бірнеше жыл бойы тоқтаусыз жүрді. Біз орташа бағамен қалауынша жанармай жөнелтіп отырдық. Ал бізге «Приречныйдан» көкөніс түрлері, картоп, сәбіз, орамжапырақ келіп тұратын. Одан біртіндеп Семейдің ұн-құрама жем комбинатынан комбикорм, өзге де зауыттардан цемент, шифер, 4 камфорлы газ плитасын, жоғары кернеулі кабель сымдарын қалауымызша алдыруды жолға қойдық. Бүгінде естелік ретінде айтуға оңай көрінгенімен, қиындығы қат-қабат осындай ірі жұмыстардың басы-қасында ұйытқы болып Сағындық замандасым жүрді.

1997 жылы «Оңтүстікмұнайгаз» өндірістік бірлестігі шетел компаниясының құрамына еніп кетті де, біздің жақсы өрістеген байланысымыз тоқтап қалды. Дегенмен, әріптестік сыйластық, жақын таныстық жоғалған жоқ. Бірлестік басшысы Мұрат Саламатов сол кездегі ҚР Мұнай-газ министрлігіне ауысып абыройлы қызмет атқара жүріп, 1999 жылы қайтыс болды. Қара жер қойнауына қимайтын асыл азаматымыздан қапыда айырылып қалғанымыз қабырғамызды қайыстырды. Тағдыр бұйрығына амалсыз мойынсұндық.

Иә, тірі адам тіршілігін істейді. Бұл күнде мұнай өндірісі саласының ардагері дейтін абыройлы өмір биігіне шыққан да, өткен жолымда орны бөлек тұлғалар туралы ойға алғаным орынды болар. Әсіресе, Мұрат Ғазезұлы Саламатов жайында үнемі еске алғанымыз жөн. Сағындық Оспанұлы осы тұрғыда аянбай еңбектену үстінде. 2002 жылы мемлекет тарапынан М. Саламатовтың 60 жылдығына орай мәңгілік есте қалдыру мақсатында Қызылорда қаласында бірқатар істердің басы қайырылды. Мұрат Ғазезұлына бюст қойылды, көше аты берілді, ескерткіш-тақта орнатылды. Осындай ірі жұмыстарды жергілікті әкімдіктің пәрменімен жүзеге асыру жолында сонау Семейде тұрып, Сағындық Оспанұлы бірге атсалысты. Қазақтың қадірлі азаматына деген Сағындықтай ел ағасының мұндай құрметін ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде көрсетуге ұмтыласың. Ұрпақ үшін патриоттық, өнегелі тәрбие дегеніміз осы болса керек.

Сағындық замандасымның бұл тұрғыда атқарған істерінің ішіндегі іргелісі, ірісі – «Мұнайшы» қоғамдық қорының қолдауымен, қазақ мұнайының ардақтылары сериясымен 2009 жылы жарық көрген «Мұрат Саламатов» атты естелік кітабы. Мұрат Ғазезұлының қарындастары Рая, Қарлығаш пен немере інілері Өнер және Өсермен ақылдаса отырып, тәуекелге бел буып, естеліктер жинап, жарыққа шығарған кітабы – еліміздің мұнай саласында жүрген жас мамандар үшін таусылмас, таптырмас қазына деуге лайықты еңбек.

Облыстық әкімдікке жиі хат жолдап, Саламатовтың ескерткіш заттарын молайтуға ерекше үлесін қосқанын да айтқан жөн болар. Одан бөлек Мұрат Ғазезұлының есімін Қызылорда қаласындағы басты көшелердің біріне беруге де өлшеусіз атсалысты. Сонымен қатар сол көшенің көркейтілуіне үлкен үлес қосты. Сәкеңнің ендігі мақсаты – Мұрат Саламатов туралы жақсы бір өнегелі еңбекті жарыққа шығару.

Мен осындай қажырлы жұмыс атқарып жүрген Сағындық Оспанұлын 80-ге қарай бет түзеген аға деп айтуға қимаймын. Сәкең әрдайым бабында, не нәрсеге де сергек, асқан жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайды. Үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін сұңғыла қасиеті тәнті етіп, осы мақаланы жазуыма түрткі болғанын ерекше разылықпен жеткізгім келеді.

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген өнегелі сөз бар. Ал бүгінгі ой орамы Сәкеңнің адамгершілік қасиеттерінің бір парасы ғана.

Есқожа БЕРГЕНБАЕВ,
мұнай саласының ардагері.
Қызылорда қаласы.

Екінші дүниежүзілік соғыс еліміз үшін ауыр тиді. Қаншама отбасының шаңырағы ойрандалды. Бірі – атадан, бірі – ағадан, енді бірі інісінен айырылды. Ал, дүние есігін ашып, жан-жағын енді біле бастағандар балалықпен ерте қоштасты. Сондықтан да болар, әкеге, бауырға деген сағыныш пен тағдыр тауқыметінің кермек дәмі осы жылдары еңбек еткен әрбір жанның есінен кетпесі анық.

ЕРЛІГІ ӨШПЕС МӘҢГІЛІК

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Бойы өсіп, бұғанасы қатпаған бала мен еңкейген кәріге дейін майдан үшін еңбек етті. Бәрінің көкірегін кернеген жалғыз ой ол – Жеңіс туының көкте желбіреуі, ағайынның Отанға аман оралуы болатын. Алайда, қар жастанып, мұз төсенген азаматтарымыздың қаншамасы майдан шебінде қаза тапты. Сонда да елде қалған жандардың үміт оты ешқашан өшкен емес. Халықтың өмірге құштарлығы, елге, жерге деген сүйіспеншілігі мен сенімі жауды талқандап, жеңіске жетеледі. Аталарымыздың қайтпас қайсарлығы осылайша кейінгі ұрпаққа бейбітшілік сыйлады. Бүгінде осы ақиқат аңызға айналып барады.

Міне, адамзат тарихында осындай өшпес із қалдырған, әрбір жанның жүрегіне жара салып кеткен, ең суық та сұрапыл соғыстың аяқталғанына 73 жыл толып отыр. Ұлы Отан соғысына, қан майданға жастары 18-19-ға толар-толмастан аттанғандардың өзі қазірде тоқсаннан асты. Соғыс ардагерлерінің қатары уақыт өткен сайын сиреп, азайып бара жатыр. Сондықтан да сұм соғыстың қасіреті мен бабалар ерлігін жазу, кейінгі ұрпаққа дәріптеу – бүгінгі күннің талабы. Майданның бел ортасында болып, кеудесін оққа төсеп, елге аман-есен оралып, халыққа қызмет еткен қазақтың қайсар ұлдары біздің өңірімізде де бар. Солардың бірі – Төлеген Жүнісов ақсақал. Ол кісі қазір тоқсан бесте.

Төлеген Жүнісов Теренөзек ауданы, бұрынғы Жаңаарық колхозында дүниеге келіп, балалар үйінде тәрбиеленген екен. Оған себеп, 1933 жылы орын алған жаппай ашаршылық Төлеген атаны ата-анадан айырады. Ол бауырларымен жетімдер үйіне орнығады. Қас қылғанда, осы жетімдер үйінде бауырларынан көз жазып қалады. Бауырларын еске алғанда әлі күнге дейін қарияның жанарынан еріксіз жас тамады. Өмірдегі жалғыздық, бауырларына деген сағыныш, оларды бір көрсем деген арманы әлі күнге дейін ол кісінің көкірегін сыздатады. Қиналса да мойымай алға қарай ұмтылғанымен, оған өмірдің жақсылығы оңайлықпен келе қоймады. Енді ержетіп, бауырларымды тауып қосыламын деп жүргенінде бір бүйірден келген зұлмат соғыс оны қан майданға аттандырды.

Төлеген Жүнісов соғыс басталған жылы небәрі он сегіз жаста болатын. 1942 жылы он тоғыз жасында армия қатарына алынып, Өзбекстанның Самарқанд қаласына келеді. Әскерде жүргенінде білімі жетікластық болғаннан кейін 8 айға кіші командирлікке оқуға жіберіледі. Алайда, оқығанына 5 ай толғанда соғысқа аттанды. Ең алғашқы айқасты Украинаның Луговой жерінде көрді. Жаяу әскердің қатарында болған кіші сержант шеніндегі қария мұнан кейін Харьков қаласынан бастап, Прискуров, Тернополь, Львов маңындағы ұрыстарға қатысып, шайқаста алдыңғы шепте жүреді. Автомат пен қол пулеметін еркін меңгерген қазақ баласы осылайша, Украинаны жаудан азат ету жолында ерліктің ерекше үлгісін көрсетеді. Фашистерге қарсы күресте жауапты атқарған жауынгерлік ерлігі үшін майдангер «І дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталады. Бұл орден ұрыс кезінде жаудың соғыс қимылына қажетті құрал-жабдықпен жасақталған және жан-жағын, алды-артын жіті қарап, бақылай алатын «Тигр» атты қос танкісін жарып жібергені үшін беріледі. Өз міндетіне адал болған қария үшін бұл марапаттың орны бөлек.

«Менің жастық шағым майдан шебінде өтті. Қан көру, біреуді өлтіру өте ауыр дүние. Десе де, басқыншылардан Отаныңды азат ету, келер ұрпаққа жақсы күн сыйлау керек екендігін ойлаған кезде ешнәрседен де қаймықпайды екенсің», – деген қария терең күрсініп, ұзақ ойға шомды.

Кеңес Одағы соғыстан экономикалық жағынан әбден әлсіреп шыққаны белгілі. Сол уақыттарда экономикалық қиындықтар жұмыс қолының жетіспеуіне байланысты күрделене түсті. Әсіресе, соғыстың зардабы Қазақстанға ауыр тиді. Зауыттарда, фабрикаларда және ауыл шаруашылықтарында жұмыс күші жетіспеді. Оның бірден-бір себебі, соғыс кезінде Қазақстанға қоныс аударған мамандардың көпшілігі туған жерлеріне қайтса, енді біраз қазақстандықтар майданда қаза тапты және соғыстан оралмады. Бұл кездерде 1930-1934 жылдардағы шаруаларды зорлап ұжымдастыру кезіндегі жаппай қоныс аударуы, республиканың ауылшаруашылық аудандарының жартысына жуығының қырылуына алып келген аштық салдарлары да айқын сезілді.Осындай қиын-қыстау кезеңде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару біздің еліміз үшін тиімді әдіс болатын. Осы кезеңде елге оралған бойдан Төлеген қария бейбіт еңбекке бірден араласып кетті. Ешқандай жұмыс талғамады. Алдымен колхозда қара жұмысшы болып жұмыс жасап, мұнан кейін дүкенші болып қызмет атқарады. Есепке қабілетінің, икемінің барлығы біраз уақыт өткен соң бухгалтер болып жұмыс жасауына жол ашады. Содан кейін 1978 жылдан бастап темір жол саласына келіп, монтер болды. Осылайша, саналы ғұмырында еңбекке араласып, елінің абыройлы азаматы атанды. Бүгінде өмір жолы ауыр болған сайын қаймықпай, алдынан келген жаудан да сескенбей, қасқайып қарсы тұра білген ақсақалдың өмірі барша адамға үлгі боларлықтай.

Майдангер «За отвагу», «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги» және «КСРО Қарулы күштеріне – 60 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне – 70 жыл», «Еңбек ардагері» және «Астанаға – 10 жыл» секілді медальдармен марапатталған.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

ТОҚСАН БЕСІНШІ КӨКТЕМ

Сұрапыл кезеңде Қазалы ауданынан 11 мыңға жуық азамат майданға аттанса, олардың 6 мыңнан астамы ғана елге оралған. Ұрыс даласында мерт болған қазалылық жауынгерлердің 327-сі Октябрь ауылының азаматтары еді. Бүгінгі таңда аудан бойынша небәрі бес соғыс ардагері арамызда жүр. Сол батырлардың бірі – Бекарыстан би ауылынан Қабақ Смағұл көкеміз. Биыл тоқсан бесінші көктемін қарсы алған майдангер, әлі күнге ширақ қимылынан танбаған нағыз батырлықтың үлгісі дерсіз.

«Атамыз ауылдың мақтанышы ғана емес, береке-құты іспетті. Ұлағатты да аса парасатты жан. Оған қоса қол еңбегінің адам денсаулығына, ұзақ өмір сүруге әсері мол екенін іспен дәлелдеп жүрген адам. Үйіргелік жеріндегі бақшасын көркейтіп, өзге де шаруаларды тындырып жүргенін көргенде еріксіз сүйсінесіз. Ауыл арасында көпшілігіне жаяу жүреді. Нағыз өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етуге лайықты, сүйегі асыл жан. Атамызбен жүздесіп, кездесу кешін өткізу, қошемет жасау ауылда тұрақты дәстүрге айналған» дейді танымал сазгер, әнші Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйінің директоры Бектұрған Жібекәлі.

Қабақ көкеміз қазіргі Бекарыстан би ауылында дүние есігін ашты. Әкесі Смағұл, анасы Төлебике ел-жұртына беделді адамдар еді. Әкенің қаны, ананың сүтімен даритын ширақтық Қабақты да айналып өтпеді. Ұлы Отан соғысына дейін бозбала Қабақтың колхоз басшысы болып қызмет атқаруы – соның айғағы. Ерлік тек қана майданда жасалмайды екен. Қабақ қабырғасы қатып, бұғанасы толық бекімей жатып тағдырдың сынына төтеп берді. Жас бозбала анасына қоса туыс-туғандарын, барлығы он бес адамды өзі асырады. Жігерлі жастың алға қойған мақсаты биік, арманы асқақ еді. Терең білім алып, еліне қалтқысыз қызмет жасауды ұйғарған болатын. Алайда аяқ астынан тұтанған соғыс өрті мақсатына жетуге кедергі жасады. Ананы – ұлынан, әйелді – ерінен, баланы әкеден айырған алапат шайқас басталғанда Қабақ көптеген құрдастары сынды өз еркімен майданға аттануға тілек білдірді. Бірақ жастығына байланысты әскери комиссариаттағылар кешіктіре берді. Ақыры тілегі орындалды.

1942 жылдың шілде айы. Сәл уақыт әскери қимылдарға машықтанған азаматтар арасында Қабақ та бар, Мәскеуге бет алды. Әрине, әскери жаттығулар оңайға соққан жоқ. Десе де, табиғатынан зерек Қабақ бұл сынға да сүрінбеді. Жастайынан ауыр бейнетке пісіп-жетілген ауыл баласы темір тәртіпке де тез көндікті. Басшыларының назарына ілікті. Талай мақтау естіді. Смағұлдың Қабағы Маршал Рокосовскийдің басқаруындағы III екпінді армия қатарында соғысты. Алғашқыда бұлардың полкі Тула қаласына жақын жерде қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Жан алысып, жан берісті. Сан мәрте өліммен бетпе-бет кездесті. Сол шайқастарда Қабақ батылдығымен танылды. «Ерлігі үшін» медалін иеленді. Бірде қарулас серіктерімен қиын жағдайды басынан кешірді. Таңсәріден фашистер жанталаса шабуылға шықты. Оққа ұшқан, жараланғандарын тіпті елер емес. Күтпеген жерден Қабақтар қорғанысқа көшті. Небір қарулас достар жер құшты. Дегенмен, негізгі күш жеткенше бекіністі жауға бермеді. Азғана солдаттар ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Сол жолы Қабақ «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Жорық жолдары жалғаса берді. Неміс фашистеріне қарсы жойқын шабуыл басталды. Тула қаласы жаудан босатылды. Атақты Орел қаласын азат ету жоспары жүзеге асты. Осы шайқаста Қабақ Смағұл ауыр жараланды. Горький қаласындағы госпитальда ұзақ уақыт емделді. Соңында әскери комиссияның шешімімен елге қайтарылды. Оның омырауындағы «Қызыл Жұлдыз», «І, ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордені, басқа да медальдары – жауынгерлік жолының шежіресі. Бейбіт өмірде білек сыбана еңбек етті. №24 «Октябрь» орта мектебінде есепшілікте жүргенде соғыс комиссариятының бұйрығымен Қарағандыға еңбек армиясына алынды. Ақыры Жеңіс күні де келді. Кешегі майдангер ағарту үйінің меңгерушісі, ауылдық кеңестің хатшысы лауазымын атқарды. Есепшілік саласында тура 40 жыл жұмыс жасады. Анамыз Күлжан екеуі он бала өсіріп, ел қатарына қосты. Балаларының баршасы жоғары білім алды. Бұл күндері қос абыз 21 немере, 20 шөбере, 1 шөпшек сүйіп отыр. Ерлігіне бас иеміз, карт майдангер!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы,
Бекарыстан би ауылы.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр,
– деп басталатын Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлеңінде жырланғандай, соғыс біткен жылдары қаншама аруларымыз, келіншектер мен аналарымыз көз жасын сүртіп, жол тосты. «Азаматым аман келеді» деген үміт отын өшірмеді. Қырдан бұлдыраған бейне көрінсе, елең етіп алдынан шығады. Бірақ үміт оты сөнгендері қаншама...

СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН БІР СОЛДАТ

Иә, бұл кезеңді суреттеп жеткізу мүмкін емес. Бірақ сол зұлмат соғыста болып, талайды көрген майдангерлердің өзі өткенін өкінішпен еске алады. 1941 жылы Сталин радиодан «Ұлы Отан» деген сөзді нықтап айтып, алғаш рет сарбаздарға рух пен жігер беретін хабарламасын жасады. Міне, осы хабардан соң ер азаматтар Отан үшін деп қолына қаруларын алды. Отан үшін от кешіп, жанын шүберекке түйген батырларымыздың көкейінде бір ғана ой тұрды. Ол Отаны үшін өлімге де бас тігіп, жері мен елін қорғап қалу еді.

Сол бір сұрапыл соғыстың бел ортасында болып, жауға қарсы қару алып, қанды қырғынды өз көзімен көріп қайтқан қарт сарбаздың бірі – Қожахмет Бектан. Ол 1922 жылы дүниеге келген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Самарқанд қаласына Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Екі ай өткен соң әскер қатарындағыларды майданға жөнелтеді. Бұлардың қатарында Қожахмет Бектан да болатын. Нағыз жалындап тұрған шағы. Жас сарбаз өзіне жүктелген тапсырманы тыңғылықты орындайтын. Қатарынан осы қасиетімен ерекшеленді. Белоруссия, Украина аумағындағы майданда алыс қашықтықтан ататын қарумен талай жаудың көзін жойды.

– Күн-түн демей, арпалысып жатқан қан майданда көз алдымызда қаншама жандар жарақат алды, өмір мен өлім арасында жатқандар көп болды. Кейбіреуіне көмек болса, енді біріне ол жетем дегенше жан тапсырып жатты.

Ол жақтың қысы адам айтқысыз суық болады екен. Соған қарамастан, тізеден қар кешіп, мұзды жарып жүріп айтылған тапсырманы орындау үшін бәріне де көндіктік. Себебі біз үшін Отан деген сөз ыстық болды. Алайда, 1944 жылы бастапқы орналасқан шекараға қайта бардық. Сұрапыл соғыстың өршіген сәтінде Польша мен немістер шекарасы аумағына табан тіредік. Сонда болып, берілген тапсырманы орындадық. Әйтеуір 1945 жылы Берлинге жақындаған тұста «соғыс бітті» деген хабар алдық. Осы сөзді естігенде сарбаздар жанарларына жас алып, орындарында мелшиіп тұрып қалды. Кейбірі бір-бірін құшақтап жатты. Берлинде 2 мамыр күні қызыл ту тігілді. Содан сарбаздарды елге қайтара бастады. Пойыздарға кезекпен кезек бөлініп мініп, туған жерге тартқан қаруластарға қызыға қарап біз қалдық. Ел шекарасы тынышталғанша сонда болдық. 1946 жылы бұйрық шықты. Елге оралатын болдық. Сол жылдың қараша айында пойызға отырдық, – дейді майдангер.

Өз өмірлерін киып, бізге азаттық таңын сыйлап кеткен сарбаздарды ұмытуға қақымыз жоқ. Біз олардың ерлігін қашанда ұлықтап, бәрін жадымызда сақтауға міндеттімізміз. Сонау ауыр кезеңдерде олар от пен суға түсіп, окоптарда тоңып, толарсақтан саз кешіп келешек ұрпақтың бейбіт өмір сүруі үшін жанын қиды. Қан майданның қаһарынан ықпай, намысты ту етті. Расында, сұрапыл соғыс жылдарында ерен еңбектерімен танылған азаматтарымыз Отанымыздың белсенді қорғаушылары сапында болды. Ұлы Отан соғысындағы олардың өлшеусіз ерлігі бүгінгі бейбіт күннің өтеуі. Уақыт өткен сайын батырларымыз сыйлаған Жеңістің маңыздылығы да артып келеді. Сол бір ауыр кезең жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін дәлелдеді. Олардың көрсеткен ерліктері ұрпақ үшін өнеге. От пен оқтың арасындағы көрсеткен жанкешті қимылы үшін талай марапатқа ие болғандар басының амандығын емес, елінің бірлігін, ынтымағын, бейбіт күн кешуін алдыңғы орынға қойды. Біздің елімізде, әрбір майдангер мен тыл еңбеккері қамқорлыққа бөленіп, қолдауды сезінулері үшін қажеттінің бәрі жасалуда. Өйткені олардың жанқиярлығы мен қаһармандықтары – мың мәрте тағзым етерлік, даңқы өшпес ұлы ерлік.

– Соғыста жүргенде қасымдағыларға қарағанда менің жасым кіші болды. Күн-түн демей қаруларды тазартып, окоп қазып жанталасамыз. Үнемі сақтанып жүретінбіз. Себебі қай жерден жау шығып қалары белгісіз. «Тревога!» дегенде жер бауырлап жатып қаламыз. Төбемізде ұшақтар үнемі ұшып бақылау жасап жүреді. Байқап қалса, оқты қарша боратады, одан қалды бомба лақтырып айналаны көк түтінге тұншықтырады, мұндайда аман қалу қиын. Бірақ бәріне төздік. Мұның бәрі де келешек ұрпақтың бейбіт өмір сүруіне жол ашу еді, – деп карт майдангер сөзін аяқтады.

Соғыстан аман-есен елге оралған Қожахмет Бектан атамыз ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Кейіннен білімін одан әрі жетілдіру үшін Ташкент қаласына аттанады. Сонда аграрлық институтқа түсіп, агроном мамандығын алды. Міне, ол мамандығының жемісін көріп, талай жыл Сырдария ауданында еңбек етеді. Отбасын құрды. Қожахмет ата мен Шәкида апаның алты қыз, төрт ұлы бар. Өнегелі тәрбиені отбасынан бойларына сіңіріп өскен балалары түрлі салада еңбек етіп жүр.

Қан майданда өшпес ерлік көрсеткен батырдың есімі ұрпақ алдында ұлықталып қала бермек.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

ТАР ЗАМАННЫҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ



Әкем Әжбен Үмбетәліұлы 1910 жылы Арал ауданының Ақеспе ауылында туған. Менің әке-шешем Аралға ертерек келіп қоныстаныпты. Сол кездері ірі кемелер болған екен. Мұз жарғыш кеме, әрқайсысының аттары бар. Бұл кемелер теңіздің етегінде отырған балықшылардың балығын жинап таситын. Рефрижератор кемеге әкемнің Барта деген қайығы тіркеліп, барлық кемені әкем маймен қамтамасыз етіп отыратын. Сонда ол кісі: «теңіздің ортасында құрдым бар, иіріп суын жұтып жатыр. Кемемен түнде өту де қорқынышты» деп айтып отыратын. Міне, сол әкемнің айтатын сөздері шындыққа айналды. Сөйтіп теңіз құрдымға кетті. Дегенмен 50 жылдан аса уақыттан кейін Аралдың тамырына қайтадан қан жүгірді.

Әкем де, шешем де қарапайым еңбекқор адамдар болған. Әділ шешім қабылдайтын, балаларының бәрін адамдыққа, адалдыққа тәрбиеледі.

Әкемнің сәби кезі көрінеді. Еңбектейтін шағы. Күздің қытымыр салқын күні. Қазақтың қараша үйі, ортасына жер ошаққа от жағып, баланың аяғындағы жіпті керегеге байлап, мал саууға кеткен әжеміз Үрбі келсе баласы ортадағы жер ошақта шырқырап жатыр екен. Дереу көтеріп алып үстіне айран құйып жібереді, сөйтіп ем-дом жасаған. Содан сәби кезінен оң көзі көрмейді, беті, басы тыртық, сол қолының бармағы жоқ, төрт саусағы қисық біткен, тұла бойын күйік шалған. Содан көп азап шегіп келе-келе адам қатарына қосылған. Сол кезде дәрігер жоқ па, әлде көрінбеді ме, ешқандай мүгедектік жеңілдіктер пайдаланбаған. Өзінің туған інісі Сәкен Үмбетәлиев 1941 жылы әскерге алынып, соғысқа кетті. Сонда менің әкем «он екі мүшем түгел болғанда мен де соғысқа барар едім-ау» деп налыған. Інісі Сәкен соғыстан оралмады. Кейін бейбіт заманда Аралдың әскери комиссариатынан інісінің қайтыс болғаны жайлы архивті ақтартып, анықтама алды. Қазір Аралдың орталық алаңында аты-жөні жазылып, мәңгі келместер қатарында тұр.

Сәкен ағамыз сұңғақ бойлы, ренді сұлу жігіт болған екен. Қыз-келіншектерді домбырада, гармонда өлең айтып баурап алатын көрінеді. Ағамыздың жүрген жері думан болған дейді. Әттең соғыстан оралмады. Ол қайтып келгенде оның да отбасы болар еді. Менің әкем де отқа түсіп кетпегенде осы інісі сияқты сұлу мүсінді болар ма еді. Дегенмен, ол кісінің жаны сұлу болды. Дене мүшелері қисық болса да, еңбекке деген құлшынысы, жігері болды. Осы адалдығын, еңбекқорлығын ескеріп, еңбек ардагері деген атақ берді. В.И.Ленинның 100 жылдығына медаль алды. Мерекелерде қандай мақтау берілсе бірінші менің әкеме берілетін еді. Биыл әкемнің туғанына 108 жыл толып отыр.

Соғыс кезіндегі тапшылықты айтып жеткізу мүмкін емес қой. Сол кезде нанды үйінде қанша адам болса соншаға тіліп бөліп, карточкаға беретін көрінеді. Бір күні дүкенші 2, 3 нанды бөлмей әкеме түгел беріпті. Сонда әкем «жоқ болмайды» деп дәл сол жерде бөліп адамдарға таратқан көрінеді. – Бұл да көзсіз ерлік қой, ең болмаса бір бөлке нанды үйге алып келсең қайтеді? – деймін. – Алла адамдарды алаламайды, аштыққа да сабырлықпен қарап, бірдей болу керек дейді.

Соғыс кезінде ер азаматтар аз болғандықтан әкем бірнеше уәкілдік жұмыс атқарған. Өзінің Айым, Дариха, Ағира атты үш қарындасы бар. Жалғыз інісі соғыстан келмеді. Ата-анасы болған. Соғыс кезінде қыз-келіншектерді Қарағанды көмір шахталарына еңбек армиясына жинаған. Сол жұмысты басқарған әкем өз әйелі, яғни, анам Қатираны еңбек армиясына жіберген. Қарындастарын жіберейін десе олар жас және ата-аналары ренжитін болған. Сонымен анам Бершүгір шахтасына кеткен. Сол кезде мен шешемнің ішінде енді біткен екенмін. Әкем шешеме: «Барғасын дәрігерге көрін, мүмкін сені ертерек қайтарар» деген екен. Сондағы анамның айтатыны. Азанда көп әйел, бала-шаға жер астына кетеді, жер астындағы көмірді сыртқа екі иықтарына арбаның арқанын байлап қараңғы жерден еңбектеп шығарады. Кейбіреулері шықпай қалатын көрінеді. Мен сол жердегі үлкен кісіге жағдайымды айтып, тамақ пісіретін болдым. Кейін дәрігерге көрініп ауылға қайттым. Кейде анам әкеме ренжісе «мен сол кезде со жақта қалып қойсамшы» дейтін. Әкем мен анам өте қарапайым, қайырымды адамдар болды. Өкіметке әбден берілген. Әкем бір кезде қойма басқарды. Қоймада бәрі болды, көмір де, темір де, майдың неше түрі, отын бәрі бар. Сөйте тұра біз тезек тереміз. Ағаштың сыртқы қабығын аршып, арқалап тасимыз. Әкем өзіне тиесілі отынды ақшасын төлеп, тұрмысы нашар отбасына береді. Бірақ біздің де жетісіп тұрғанымыз шамалы. Үстімізде киім-кешек те жұтаң. Сыртқа көкөніс еккізді. Піскен кезде өзімізге қауын-қарбыздың жарылғанын, іші түскенін алады. Анам әкемнің көзін ала бере қулық жасап, қауын-қарбыздардың бүтінін алып қалады. Соларды жарып жеп отырсақ әкем «Әй, сен мұны қайдан алдың» дейтін. Халықты көкөніске тойғызып, арқа-жарқа қылатын.

Осындай тәрбиемен жаман болған жоқпыз. Отбасында екі ұл, екі қыз болдық. Мен 1945 жылы 12 қаңтарда дүниеге келдім. Аралдағы №13 Т.Г.Шевченко атындағы мектепті 1964 жылы бітірдім. Сол жылы Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының ағылшын тілі факультетіне оқуға түсіп, Аралға келіп, өзім оқыған мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болдым. Қазір үлкен отбасымын. 6 перзентім, 14 немерем бар.

Інім Темірболат қара шаңырақтың түтінін түтетіп отыр. Әкем қашан о дүниелік болғанша ораза, намазын тастаған жоқ. «Қандай қиыншылық болса да сабыр сақтаңдар, құдай жеткереді» дейтін. Шынында құдай жеткерді. Әкем 1994 жылы 84 жасында қайтыс болды. Өмірден қайтқан кезде өзі жұмыс істеген балық комбинатының қызметкерлері көмек беріп, қызмет жасап, ақ жолға аттандырып салды. Анам да шалының артынан қалмайын дегендей, бір жылдан соң қайтыс болды.

Жалпы, 1910-1915 жылы туылған ата-аналарымыздың жағдайлары өте ауыр болды. Олардың жастық шақтары, балалық кездері тойып тамаққа, бүтін киімге жарымады. Бозбала, бойжеткен кездері ше. Әкем анама сөз салып, енді алып келеміз деп ағаларына еріп барған көрінеді. Әкем шағын адам, аяғы да үлкен емес. Сонда аяғына жеңгесінің биік өкшелі қызыл етігін киіп барған екен. Әкем «Күйеу болып босаға жақта жантайып, аяғымды созып, етігімді қонышынан тартып мақтанып қоям» дейтін. Бір кезде есік жақтан әйелдер мына жігіттің аяғындағы етігі әйелдікі сияқты деп айтып жатқанын естіп қойып, тығарға жер таппадым» дейді. Заманына қарай адамы деген ғой. Міне, осындай тар заманда өмір сүргенмен пейілдері, көңілдері өте кең болған. Өздері екі бөлмелі тар үйде тұрса да, үстеріне басқа бір отбасын кіргізіп, бірге тамақ ішіп сыйысып жүре береді. Әке-шешеміз ашаршылық заманды көрді, соғысты көрді.

Әкемнің Ағира деген қарындасы жастай әйел үстіне үлкен кісіге кетті. Бәйбішесі бала көтермегесін менің апамды әйел үсті алды. Көп ұзамай осы Ағира апамның шалы қайтыс болып, апам қайтадан қолға келді.

1955 жылдың күзі болатын, әкем азанда жұмысқа бара жатса бірге істейтін кісі де шығып келе жатыр екен. Артынан жас шамасы 3-4 жасар бала жалаңаш денесіне күрте жамылып жылап қуып келеді. Оны ұстауға 4-5 класс оқитын бала келе жатыр екен. Жаңағы кісі артына қарайлай береді. «Әй, сен жұмыстан қаласың ғой, неге қарайлай бересің шешесі қайда? – деп сұрайды. Ол кісі қайтыс болғанын айтады. Әкем абдырап, «әй саған мен қарындасымды берем, тез жүр жұмыстан қаламыз» дейді жол үстінде. Содан 15 күн жол жүріп келеді. Келгеннен кейін уәдесін бергесін әлгі кісі келеді. Енді ол кісінің неге келгенін қарындасына айтайын десе қиналады, айтпайын десе жол үстінде уәде кетті. Сонымен апам Ағираға барлық жағдайды айтты. «Айналайын, мен жұмысқа бара жатып жылаған жетімдерді көрдім. Оларды көріп аяп, сені берем деп жол үстінде сөзім кетті. Мен саған батамды берейін өс, бағың жансын ана жетімдердің маңдайынан сипап, ана бол» дейді. Содан көрші-қоланды жинап шай ішіп, анам әлгі кісінің үйіне апарып салады. Міне, сонан «Батаменен ел көгерер» деп, әлгі бас қосқан Қайдар деген кісімен балалы-шағалы, Алматыда тұрады.

1910-1915 жылы туған менің ата-аналарым тұрмақ, 1940-1945 жылы туғандардың да жағдайлары жақсы болған жоқ. Нан тапшылығын көрдік. Бір бөлке нанды кесіп өлшеп беретін. Балалар жейтін тәттілер жоқ. Әкемнің Дариха деген үлкен қарындасының Құлпаршын деген 5 жасар қыз баласы төрде шай ішіп отырған қонақтың жанына келіп, «әй, кісі, шекеріңді жесейші» дейтін көрінеді. Баланың өзі жегісі келіп сұрап тұрған түрі ғой. Сол заманда балалық шақтың өксік атқан ащы запырандары да болды ғой. Қазір менің жасым 73-те. Жеке егеменді ел болдық, тұрмыс жағдайымыз жақсы. Қазіргі ұрпақ – бақытты ұрпақ. Бақытты бағалай білгенге не жетсін!

Сәнімжан ҮМБЕТӘЛИЕВА.

МЕНІҢ АТАМ АСЫЛ ЖАН

Мен атамды көре алмадым. Жарық дүниеге келерден бірнеше жыл бұрын, алпыс жасында өмірден озыпты. Тек атамның маған жеткен, өз қолымен жазған қойын дәптерін көру, соны оқып, түсіну бұйырыпты. Аманат етіп қалдырған дүниелерін, мұрасын, жиналған хаттарын, сақталған жырларын оқып отырып тамсанамын. Қарасаң көз сүйсінеді. Бейне бір белгілі қаламгер немесе ақынның күнделігінен алынған беттер секілді, ойы терең, ал жазуы маржандай... Бойындағы өнер ұшқындарын дамытып, ол саламен түбегейлі айналысқан болса, кім біледі, халыққа танымал жазушылардың бірі болар ма еді? Бірақ қалтарысы көп өмір бұраландары, қатыгез соғыс оның өз шығармашылығына дұрыстап көңіл бөлуіне мүмкіндік бермеді деп ойлаймын. Үш әліпбиді (латын әліпбиі, төте жазу, кириллица) қатар меңгеріп, еркін қолданған, өмірін ел қорғау мен адал еңбекке арнаған Сыздық атамның алпыс жылға ғана жеткен мағыналы өмірінің өзі саналы ұрпағы үшін тұнып тұрған өнеге дерсіз...

Атам Сыздық Нүркеев 1920 жылы Сыр өңіріндегі Бестам советіне қарасты Қаратаудың теріскей бетіндегі «Еспе» («Сарышырпы») деген жерде дүниеге келген екен. Орта мектепті, сосын зооветтехникумды бітіріп, енді жұмысқа кіріскелі жүргенде соғыс басталып кетіп, майданға аттанады. Ұлы Отан соғысынан 1944 жылы оң аяғынан жарақат алып, II топтағы мүгедек болып оралады. Әйткенмен, дәл сол кездегі қиын ахуалға байланысты майданнан оралысымен-ақ, ауданындағы РАЙЗО-да учаскелік зоотехник болып қызмет атқара бастайды. 1948-1951 жылдарда бұрынғы «Коммунизм», қазіргі Нартай ауылында №1 қой ферма бастығы болып істесе, одан кейін «Қазақстанның XXX жылдығы» атындағы колхозда басқарма төрағасы қызметін, сосын колхоздың ірі қара, жылқы фермаларын басқарады. Оның бір қасиеті, өте жақсы орындалған немесе орындалмай қалған жұмыстың себептерінің неден болғанын ұқыптылықпен қадағалайды екен. Тіпті өзі орындаған әрбір жұмысына сын көзбен қарап өз қатесін өзі тауып отырған деседі. Ал ауылдың жас-кәрісі тұрмыста туындай қалған түйткіл, не кикілжіңге қатысты төрелігін іздеп алдымен милицияға емес, «Сіз айтыңызшы!» деп атама келеді екен. Одан бөлек ауылдағы тұрмысы нашар, жетімдікті көрген жас жігіттердің отбасын құрып, отау тігуіне мұрындық болып, кішігірім тойын жасап беруді дәстүрге айналдыра біліпті. Көпке үлгі болған нағыз ауыл ақсақалы осындай болса керек.

Сыздық Нүркеұлының көзін көргендер: «Сөзіне ісі сай, сегіз қырлы, бір сырлы абзал жан еді» деп еске алады. Жас күнінен домбырамен «Саудашы Ишан», «Иманжүсіпке хат» жыр-қиссаларын таң атқанша жырлаған ол, туыс ағасы болып келетін Нартай ақынның қолдауымен, талай жыр дүлділдерімен өлең сайыстарына түскен және шешендік сөздер, өлең-жырлардан өзіндік мұра қалдырған. Атам әр кеш сайын оқыған түрлі кітаптарының мазмұнын жан жары мен балаларын қасына алып, мазмұндап айтып беріп отыруды дәстүрге айналдырған. Ұл-қызының көкірек көзі ашылсын деген ниет болса керек.

Атамның тағы бір қасиеті, замандастарымен өзара сынды жақсы көрген. Сондықтан да өзі қалай басқалардың кемшілігін бетіне батыл айта білсе, өзіне айтылған әділ сынды да батылдықпен мойындап, жөндеудің жолын қарастырады екен.

Ұлы Отан соғысының ардагері өмірлік жары Ақайдан Үрайрақызы екеуі он баланың ата-анасы атанып, оларға терең өнеге мен тәрбие, жоғары білім бере алған асыл жандар. Бірі (Сайлау Нүркеев) құрылыс саласында абыроймен қызмет атқарған инженер болса, екіншісі (Сансызбай) ішкі істер бөлімінде қажырлы еңбек еткен азамат болды. Үшінші ұлы (Ағыбай) теміржол саласын басқарған білікті маман болса, төртінші ұлы (Рахметолла) әскери қызметімен Отан алдындағы борышын адал атқарған әскери маман атанды. Ал кенже ұлы Мұхамбет – қарашаңырақтың иесі. Атамның шығармашылыққа жақындығынан болар, Сәуле, Зәуре, Майра атты үш қызының екеуі суретшілікті таңдады. Сыздық Нүркеевтің балаларынан бүгінде жиырма жеті немере тарап, олардан елу шөбере өсіп келеді.

Сонымен қатар, атамның мұлт жібермес аңшы, білгір із кескіш, ауа райын болжай алатын табиғат тамыршысы болғанын аудан жұртшылығы әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. Өзінің әрбір ісімен өнеге бола білген ол бүтін бір әуеттің, ауылдың кеңесшісі, сүйеніші, қамқоршысы, алға сүйрейтін рухани демеушісі іспетті. Біз мұны мақтан тұтамыз...

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ,
немересі.
Астана.

«Қазақтар ақкөңіл, ақжарқын, ержүрек, батыр халық екендігін осы соғыста көрсете білді. Егер де менің әскери құрамам тек қазақтардан ғана құралса, мен өз тағдырыма өмір бойы риза болар едім». (П.Л.Романенко - әскери қолбасшы)

БАРЛАУШЫ

Ұлы Отан соғысында Қазақстан азаматтары алғашқы күннен-ақ жауға қарсы тұруға бір адамдай жұмылды. А.Гитлердің 1942 жылы. 5 сәуірдегі № 41 тапсырмасында неміс қарулы күштерінің басты мақсаты – «Кеңес елі қарамағында қалған қарулы күштерді түбегейлі құрту», – деп көрсетілген.

1942 жылдың жазында фашистік Германия күш жағынан үлкен басымдылықпен шабуылға шығып, табыстарға жетті. 1942 жылы тамыздың 23-жұлдызында Сталинградқа өтуіне жағдай туды. Немістер адам саны, қару-жарақ саны жағынан екі есе көп болды. Сталинградты қорғау міндетін жүзеге асыру оңай болған жоқ. Бұл шайқас 6 жарым айға созылды. Қазақстандық 29, 38, 8, 102-атқыштар дивизиялары, 152-атқыштар бригадасы, 81-атты әскер дивизиясы ерлікпен шайқасты. АҚШ жазушысы, майдангер тілші А.Верт қазақтардың ерліктері, ұшан-теңіз батыл қасиеттеріне «Сталинград шайқасында Қызыл Армияның ең ержүрек жауынгерлері қазақтар мен Орта Азия халықтарының өкілдері болды» деп баға береді.

Сталинград түбінде болған ең ауыр шайқаста 81-атты әскердің әйгілі барлаушысы – Рахымша Үйсінбаевтың жауынгерлерді таңғалдырған сәттері аз болмаған. Рахымша батыр қазақтың тұлпар баптаудағы сан ғасырлық тәжірибесін қайнаған ұрыс даласында да дәлелдеді. Жануар екеуінің арасындағы тілсіз ұғынысудың керметін, белгілі жазушы, майдангер Сағынғали Сейітов «Жеңімпаздар» кітабында баяндайды. «Эскадрон көзі» тақырыбы әйгілі барлаушыға арналған: «Орман ұрысы – қиын ұрыс. Қия бассаң, ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс, ну тоғай. Былтыр беларус партизаны сыйға тартқан «Мороз» есімді аты Рахымшаның тақымында. Дүбір шыққа, қос құлағы шаншылып, олай-бұлай ойқастап, тыным таппайтын әдеті. Иесі кеткенде тынышсызданып, кетіп бара жатқан жағына қарап, алабұртып тұрады. Рахымша қалың тоғай ішіне еніп бара жатты».

Айнала қауіп-қатерге толы. Әскери бұйрықты орындау – Отан алдындағы жауапты міндет. Әйгілі барлаушы өте сақ. Оңтайлы әдісті қалт жібермейді. Кездескен фашист жендеттерін қойша қамап тастау тактикасын шебер меңгерген. Сын сағаттағыептілігі мен ерлігі үндесіп, Рахымшаға көп құрметін арттыра түсті. Әккі барлаушы. Құжат жеткізу, құпия хаттарды тасымалдау Рахымша Үйсінбаевтың еншісінде.

Жат жерде оқ пен оттың ортасында жүрген адамға туған елден ыстық не бар? Қаншама мыңдаған шақырым жол жүріп, адаспай, аялдамай сонау Сырдан қан майданға келіп жеткен бала хаты әкеге бар қымбатындай көрініп тұр. Онда былай делінген: «... екі көзіміз әке, Сіздерде, жауды тезірек жеңіп, елге аман-есен оралуларыңызды күтеміз».

Ағылшын тарихшысы Александр Берт өзінің «Ресей 1941-1945 жылғы соғыста» деген кітабында «Қызыл Армияның табанды қайсар солдаттарының бірі қазақтар болды. Қазақтар өзін жақсы жағынан көрсете білді. Тіпті, Сталинград шайқасының өзінде ең өжет, ержүрек, батыр солдаттар қатарында қазақтар жүрді» деп жазады.

Тарих беттері ата-бабаларымыздың небір ғаламат ерлік істерінің үлгі шежіресіне бай екендігіне жоғарыдағы пікірлер дәлел бола алады. Солардың бірі, бірегейлі елі үшін туған әйгілі барлаушы Үйсінбаев Рахымшаның ерлік істері, адами болмысы кейінгі ұрпаққа үлгі.

Сонымен қатар, Қызыл Армияның Сталинград түбіндегі үлкен жеңісінің дүниежүзілік тарихи маңызы – Ұлы Отан соғысы және барша Екінші дүниежүзілік соғыс барысында түбегейлі өзгеріс жасады.

Тарих – дамуда шындық, қозғалыс жайындағы ғылым болғандықтан, әлі де тың деректердің ашыла түсетіні ақиқат. Тек, тарих тағылымы – зерделеуге, ақиқатты ашуға мұқтаж. Оны ашып зерттеу Сіз бен біздің парызымыз.

Әйгілі барлаушы Рахымша Үйсінбаев сияқты қаншама батырларымыздың ерлік істері тарих қойнауында аршылмай жатыр. Олай болса, бүгінгі рухани жаңғырудағы ерлік істерінен ұрпақ сабақтастығын жалғастыра берейік. Сонда ғана еліміз саналы, білікті де білімді жастармен әлемдік бәсекелестікке төтеп бере алатыны сөзсіз.

Ернұр ЕРМЕКБАЙ,
Алматы технологиялық университетінің студенті.

ЕРЛІГІҢ МЕН ЕСІМІҢ ЕЛ ЕСІНДЕ

Бала күнімде үйде ақ чемодан тұратын. Бірақ ішін ашып көргенім жоқ. Құнды дүние болар деп ойлайтынмын. Уақыт өте келе оның ішінде атамның Фин, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігі үшін алған орден-медальдары мен құжаттары сақтаулы тұрғанын білдім. Сонда кеудемде мақтаныш сезімі орнады. «Мен Ұлы Отан соғысы батырының немересімін!» Иә, расында солай.

Атам Жақсылық Адайбаев 1917 жылы Жаңақорған ауданы, Политотдел колхозында дүниеге келген. Сол кездегі ең жоғары білім саналатын 7 жылдықты бітірген. Оқуын одан әрі Ташкент қаласында жалғастырыпты. Ел атамды сауатты кісі болған деседі. Ол 1938 жылдың күзінде Жаңақорған аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен Қызыл әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын адал атқарады. 1941 жылы соғыс басталды. Суыт хабар әне-міне туған жерге қайтамыз деп тұрған Қызыл әскер жауынгерлеріне оңай тимеді. Олар майданға араласады. Жас жауынгер жан берісіп, жан алысқан шайқаста бірнеше мәрте жарақат алғанына қарамастан Отаны үшін өр кеудесін оққа тосты. Қан майданның бел ортасында талай жаумен шайқасып, ерлігі, мергендігімен көзге түсті. Атқыштар бригадасының командирі болды. 1942 жылы майдан даласында алғы шепте жүріп Коммунистік партияға өтеді. Көктен де, жерден де қарша бораған оқтан аяғынан және басынан ауыр жарақат алды. Бірақ солдаттардың аздығынан қайта ұрыс даласына аттанды. Жарақат алған жауынгерлердің көбісі қайта майданға осылай кетіп жатты. 1944 жылы майданнан босатылып, балдаққа сүйеніп елге оралды.

Елге келісімен майдангер жігіт әжем Гүлсім Бижігітовамен шаңырақ көтерді. Біршама лауазымды қызметтер де атқарады. Тұралап қалған ауыл өмірінің жандануына елеулі үлес қосты. Ағайындардың айтуынша, ол өте қабілетті кісі болған. Бірліктің №4 фермасында есепші қызметін де абыройлы атқарған. Аудан жұрты оның өз ісіне ұқыпты, жаны таза, әділдікті ғана қалайтын жан ретінде бағалаған. Сонымен қатар жалғандыққа жаны қас болған. «Өтірік айқан адам, санасыз адам» деп айтып отырады екен. Осы тұста үлкен келіні Айзат Әлібаеваның атамның көзін көрген және тәрбиесін алған жалғыз келін екенін айта кеткен жөн. «Қабағына қарап бәрін аңғарып отыратынмын. Енем де еріне өте қатты құрмет көрсететін. Бар жағдайын жасайтын. Олар мені қызындай жақсы көрді. Ешқашан алдын кесіп өткен жоқпын. Атам нағыз үлгі тұтарлық ерекше адам болды. Бүкіл аудан жұрты сыйлайтын. Үйден қонақ үзілмейтін. Дастархан кеңге жайылатын. Бәрі де атамнан ақыл сұрап, болмаса шаруаның көзін табуға кеңес алуға келетін. Ол кісі өте еңбекқор әрі намысшыл еді. Оның жақсы қасиеттері өн бойында тұнып тұратын. Әсіресе, балаларын қатты жақсы көретін. Қыздарын еркелетіп, атын атамайтын. Бар білген ақылын айтып, дүниенің бір кірпіші болып қаланып, өз орындарында табыңдар дейтін. Және де көзі ашық, көкірегі ояу жан еді. Осындай сыйлы әулетке келін болдым» – дейді Айзат Әлібаева.

Атамның тағы бір қасиеті бал арасын ерекше күтіммен өсіргендігі. Ауыл шетінде бақ болған, сонда осы кәсібін жандандырса керек. Кішкентай жәндіктің бабын тауып, дүйім ауылға жегізген. Өкініштісі, балалары бұл кәсіпті жалғамады. Ауылдағы ескі сарайда омарташы атамның бал айдайтын құрылғылары әлі күнге сақтаулы тұр. Мен атамды көрмесем де ауылдың ақсақалдарының айтуынан оның жақсы адам болғанын біліп, марқаятынмын. Ұлы Отан соғысына ағалары Арқабай және Сәдуақаспен бірге аттанып, өзі ғана аман оралған екен. Екі ағасы сол кеткеннен хабар-ошарсыз қалған. Ал, атамның әкесі және аталары кезінде ауқатты кісілер болған. Үйір-үйір жылқы ұстаған екен. Бірақ 1928 жылы бай-кулактарды кәмпескелеу кезінде қуғынға ұшыраған. Содан атамның әкесі жұбайының тегіне өткен. Онысы қуғындалудан аман қалу болса керек. Тағы бір айта кетерлігі, әулеттегі азаматтарды бай-құлақтың баласы болғандықтан мектепке де алмаған. Бір жағы балаларының сауатын ашу үшін осы қадамға барған сияқты. Ауыл қарияларының айтуынша, қазіргі Сырдағы жылқылар сол аталарымыздың асыраған жануарының тұяғы деп айтып отырады. Ал, әжем Гүлсім де тылда еңбек етті. Майданға жөнелтілген астық пен киім-кешек, қару -жарақта осы кісілердің қолынан өткен. Белі қатаймаған қыз ауыр жұмысқа ерте араласты. Соғысқа аттанған әкесі мен ағасының елге аман-есен оралуларын тіледі. Бірақ олар соғыстан қайтпады. Анасы оны атам Жақсылыққа қосып, қамқор болуын өтінген. Міне, содан екеуі шаңырақ көтеріп, бақытты ғұмыр кешеді. Атам өмірден озған соң балаларын өзі жетілдіреді. Бір мысал келтіре кетейін, атам қайтар шағында үй көтереді. Бірақ ол аяқсыз қалады. Себебі, соғыстан алған ауыр жарақаты асқынып өмірден озады. Шиеттей бала-шағамен қалған әжеме ауыл адамдары «енді мына үлкен тамды қалай көтересің?» деп сынай сұрақ қойса керек. Сонда әжем ертең осы үйді бітіріп, бәрінді қоныс тойына «шақырамын» депті. Содан күндіз-түні тынбай еңбек етіп, ересектеу балаларымен бірге кесегін құйып, тамды бітіріп, кірген екен. Жайын жайлап болған соң әлгі кісілерді шақырып, ас беріпті. Міне, әжем осындай қайсар жан еді. Балаларын жастайынан еңбекке баулыды. Ұл-қыздарына өнегелі тәрбие берді. Әке орнына әке, шеше орнына шеше болды. Бәрін өз орнына қондырды. Совхозда сауыншы болып, зейнетке шықты. Артында қалған ұл-қыздары да ата-ананың үмітін ақтады. Жалпы, атам мен әжемнің 3 ұл, 6 қызы бар. Немерелері де жоғары оқу орнын аяқтап, бір-бір саланың маманы атанып отыр. Әжем кіші ұлының атын Қорғанбай деп атағанда келісе кетіпті. Өмірге әкелген ұл-қыздарыма қорған болсын деп ырымдаса керек. Бізге бейбіт өмірді сыйлаған батыр аталарымызға мың тағзым. Артында ұрпағы барда олардың есімі мәңгілікке өшпейді.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ,
майдангердің немересі.

ЕЛБАСЫНЫҢ ҚҰШАҒЫ

Тоқсаныншы жылдың орта кезі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қызылордаға келеді деген жағымды жаңалық жетті. Алаштың анасы атанған Сыр өңірі Елбасына қарыздар. Бір кездері астана болған Ақмешіттің әлдекімдердің ұсынысымен тарайды деп тұрғанында Елбасы сақтап қалғаны ел есінде. Мемлекет басшысы Сыр өңіріне келіп, қаланың сәулетті жерлерін аралап келеді. Көптің көңілі шат-шадыман. Елбасы жаңа базар тұсындағы №6 емханаға аялдады. Осы сәтте «Қарағым, Нұрсұлтан!» деген дауыс естілді.

– Келіңіз, жақындаңыз, – деді Елбасы шырайлы жүзбен.

– Мына бала менің немерем, Еркін еді. Сіздің құшағыңызға бөленсе, деген Алтынай әженің өтініші естілді. Нұрсұлтан Әбішұлы дереу ана қолындағы Еркінді қос қолымен биікке көтеріп алып кетті. Бетінен сүйді де:

– Жақсы азамат бол! Атың Еркін екен. Тәуелсіз елдің еркін өскен азаматы бол! Атаң мен әженді қуант! Білімге, өнерге ұмтыл!

Елбасы кішкене бөбектің қазақы бөркі мен ою-өрнектелген шапанына қызыға қарады.

– Мына бөрік пен шапанды өзіңіз тіктіңіз бе?

– Өзім тіктім!

– Шебер тіккен екенсіз. Қандай жарасып тұр, – деп Еркінді тағы бір биікке көтерді.

... Сол Еркін биыл жиырма төртке қарай жол тартты, үйленді. Назерке атты сұлу жары бар, кішкене қызы Медина бір жарым жаста. Ата мен әженің құшағынан босамайды. Үй төріндегі ілулі сурет ұмытылмас ескерткіш. Елбасы қос қолдап Еркінді биікке көтеріп тұр.

Елбасы құшағына қысқан Еркіннің атасы мен әжесінің отбасында үлкен той-думан болды. Абдулла ата тоқсанға, Алтынай әже сексенге толды. Бір сәт жиналған жұрт ерлі-зайыптылар өмірінен қызықты деректергe қанықты. Абдулла ата он бес жасында анасы Бибіханмен бірге әкесі Қосжанды сұрапыл соғысқа аттандырыпты. Бибіхан әже үш бірдей Абдулла, Қатшағұл, Күлжанды қиыншылықпен ер жеткізеді. Баланың үлкені Абдулла бұғанасы қатпай жатып колхозда бір бригаданың есепшісі болады. Бір жағынан жұмыс, бір жағынан оқу Абдулланы ерте шыңдайды. Мамандық алу мақсатында курстарда оқиды.

1943 жыл. Сұрапыл соғыс тынар түрі жоқ. Әкесі Қосжанның майданда ерлікпен қаза тапқаны жайында «кара қағаз» келді. Отбасының басына бұлт төнді. Бибіхан ана белді бекем буып, колхозда егін орды, шөп шапты. Бала Абдулла бұл кезде анасына көмекші, үлкен қолқанат болып, ержетіп қалған кез еді.

Бірде ауылдық кеңестің төрағасы Сражаддин бұл отбасының қиыншылығын көріп, қол ұшын берудің амалын ойластырған сыңайлы.

Бұл жайында Абдулла ата: «Сражаддин ата қырмандағы арбаға қаппен астық тиеу жайында қыз-келіншектерден жарыс ұйымдастырып, бәйге жариялады. Жарысқа Қосжан атаның жеңгесі Айтжанды әдейі шақырды. Айтжан қарулы келіншек еді. Қаптарды қолы-қолына жұқпай арбаға лақтырып, жарыста озып шығып, бәйгеге тігілген бір қап бидайды алады. Сол бір қап бидай біздің отбасына үлкен жүрек жалғау болды. Бұл Сражаддин атаның Қосжанов әулетін аман сақтауда туған ұтымды ойы еді. Қазақ күн жаманы кетеді дейтін. Шындығында күн қиындығы өтері ақиқат екен» дейді.

Бір атадан жалғыз тұяқ Абдулла Қосжанов сонау елуінші жылдың ортасында Қызылордаға қоныс аударды. Осындағы автокомбинатқа жұмысқа тұрып, талай қызметтің тізгінін ұстап, зейнетке шықты. Қалада тұңғыш рет №1, 3 маршруттарды іске қосып, көлік қатынасының алғашқы көш бастаушысы болғаның әріптестері Сансызбай Құттыбаев, Нұрлан Сыздықовтар талай айтқаны бар. Ал зайыбы Алтынай әжей болса маршруттағы автобустарда кондуктор болып еңбек етті.

Бұдан азғана күн бұрын Қосжановтар отбасына атбасын бұрып, үлкен дарбазаның қоңырауын бастық. Сыртқа келіні Назерке шықты.

– Айналайын, ата-әжелерің үйде ме?

– Үйде аға. Үлкен залда шахмат ойнап, бірін-бірі жеңе алмай қызық болып жатыр.

Әңгіме рас болып шықты.

– Екеуміздің ермегіміз шахмат, шашкі. Бірде мен, бірде әжең жеңеді, – дейді Абдулла ата.

Абдулла ата бірде қала әкіміне кіріп, көше тазалығына байланысты ой қосқанын, жылы қабылдағанын айтып, мәз-мәйрам. Туған қаланың 200 жылдығы жақындаған сайын Абдулла атаны қазіргідей құлаш жайған мекеннің келбеті сүйсіндіре түскендей...

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.
Қызылорда қаласы.

АҚСҰҢҚАР ҚҰСТЫҢ ТҮЛЕГІ

Атамыз қазақ қай заманда болмасын сұңқарды қыран текте-тес құстардың ішінде айрықша бағалаған. Құсбегілердің ішіндегі ерекше болмыстағы қәнігілерінің өзі қия жартастардың биік шыңдарынан осындай тектілерін ғана ептілікпен ала білген. Бір таңғаларлығы, осындай тектен шыққан қырандар адамға қанша бауыр басқанымен, еркіндікке шыққан кезінде өзінің ұя басқан мекеніне, тамыр тартқан топырағына бір соқпай кетпейді екен. Бұл құдірет табиғи тартылыс күші тәрізді туған жердің ерекше қасиеті мен киесінде жатса керек.

Адам баласының да жаратылысы, болмыс-бітімі осыған ұқсас. Мүмкін тағдырдың сан тарау соқпағымен айналып жүргенде кіндік кескен ыстық топырағына оралудың сәті түспес. Дегенмен, тағдыр-тарих олардың есімінің болса да елге оралуының сәті мен мүмкіндігін, уақытын бәрібір келтірмей қоймайды. Бұл – тарлан тарихтың бұлжымас заңдылығы, айнымас қағидасы.

Қолға қалам алып, зерттей жүріп, ізіне түскен тарихымыздың тағдырлы кейіпкері, Кеңес Одағының Батыры Балмағанбетов Мақаштың өміржолы осыған куә. Ол (азан шақырып қойған есімі – Мұхаммедкәрім, құран аяттарына негізделіп қойылған) кім, қайдан шыққан қаһарман?

Батыр туралы мәлімет өте көп емес. Сонда да ара-тұра ақпарат құралдарында, кейінгі жылдары шыққан тарихқа қатысты кітаптарда жарық көріп жүр. Алайда бұған селт етіп, назар аударған адам аз. Арнайы іздеп, сұрау салғанымызда облыстық мемлекеттік архив директоры Н.Қуанышова «Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары» кітабының 95-парағында жазылған мәліметті ғана жолдады. Соған сәйкес М.Балмағанбетов 1914 жылы Қазалы ауданының №17 ауылында туған. Архивте бұдан басқа мәлімет жоқ болып шықты. «Сыр елі: Қызылорда» энциклопедиясының 156-бетінде де осылай көрсетілген.

Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы, полковник М.Дәулетбақовтың қолы қойылған деректік хатта қазалылық ақын Ж.Мәкенәлиевтің 2015 жылы жарық көрген «Отан үшін от кешкендер» кітабындағы мәліметті жолдаған. Автор онда батырдың бір дерек көздері бойынша қазіргі Арал ауданының Аманөткел ауылдық кеңесіне қарасты Қарадөң деген жерде туғанын келтіріпті. Ал, екінші нұсқа Қазалы уезінің №17 ауылы дегенді алға тартады. Үшінші біреулердің айтуынша, батыр Қазалының Арықбалық ауылында тұрыпты.

Осылардың ішінде Жетіскен ағамыздың айтқаны тарихи шындыққа біршама жақын келетіндей. Себебі, 1914 жылғы Ресейдің патшалық билігі тұсындағы әкімшілік-территориялық бөлінісі бойынша Қазалы ауданы деген құрылым мүлдем болмаған. Дұрысы Қазалы уезі болып жазылуы керек. Уезд орталығы болған Қазалыға осы күнгі Арал және Қармақшы аудандарының территориялары қарады. Ендеше, батырдың туған жері ретінде Қазалы уезінің Райым болысындағы №17 ауыл деп жазылуы ақиқатқа бастар еді.

Өткен ғасырлардағы тарихта белгілі адамдардың өміріне қатысты дерек көздерінің барлығында №17 ауылдың Аманөткел екені тайға таңба басқандай көрсетілген. Ал, Қарадөң – Аманөткелге іргелес жатқан қоныс. «Жақсыға талас көп» деген қазақы пәлсафамен әу баста айтылып кеткен қате немесе басқа көзқарастар соңғы жылдардағы жазбаларға қосылып кеткенін мойындауымыз қажет.

Осы мәселе жөніндегі кезекті бір пікірлесу үстінде өзім әрдайым ақылдасып, ой-бөлісіп отыратын ауданның құрметті азаматы Садықбаев Әбілбай ағамыздың айтқаны әлі есімде. Көтеріп отырған тақырыбың өте орынды. Мақаштай батырымыздың аралдық екенін біз де естіп-біліп жүрміз. Алайда, ол кісі өмірде жоқ. Сондықтан саған қолдау, көмек керек. Тірі болғанда Жетіскен ағаң сені сөзсіз қолдап шығар еді. Өйткені, ол ешуақытта өтірік айтып, жалған сөйлемейтін», – деп ағынан жарылып еді.

1932-1938 жылдар аралығында Арал ауданы Ақтөбе облысының құрамында болды. Сондықтан осы облысқа да сұраныс жасағанбыз. 1938 жылы 4 ақпанда Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен Арал ауданы Ақтөбе облысының құрамынан шығарылып, Қызылорда облысына берілгендіктен ауданға қатысты барлық құжат өзіміздің облыстық архив мекемелеріне жіберілген. Бірақ облыстық архивтен керегімізді таппадық. Оның үстіне, даулы мәселеге мекеме басшылары да мән бермеген сияқты. Себебі, 1914 жылы Қазалы ауданы деген кеңестік құрылым, территориялық бірліктің жоқ екенін қарапайым адамдар білмегенімен, құжаттарға жауапты мемлекеттік мекеме білуі және бағасын беруі тиіс деп есептеймін.

Балмағанбетов Мақаш өзі қалдырған деректе Кіші Жүздегі Әлімнің Айдарбек аталығының Күлігінен тарайтынын келтіреді. Бұған қосарымыз – ол Күліктің Жаманкөз тайпасынан. Анасы Құндыздың Алтынбай Аязбай деген кісінің қызы екенін, өздерінің Аманөткел жанындағы Қарадөң деген жерде тұрғанын жазады. Қамбаш-Аманөткел-Бөген автомобиль жолының бойындағы Аманөткелге 3 шақырым қалғандағы сол жақ беттегі көл жағалауында Қарадөң деген жер атауы сақталған. Сол жерде Айдарбек аталығынан тараған ағайындарымыздың қорымы мен қоныстарының ізі әлі бар. Батыр сол жерде дүниеге келіп, ашаршылық жылдары 17 жасында қарақалпақ жеріне ауып кеткен. Егер Мақаштың 1914 жылы дүниеге келгенін ескерсек, бұл тарихтың 1931 жылына сәйкес келеді.

Бұл туралы батырдың қарашаңырағының иесі, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Алмалы ауылында тұратын, 1962 жылы туылған Балмағанбетов Рүстем ініміздің пікірі қарамақайшы көзқарастарға нүкте қойған орнықты ой-орамы болды. «Әкем көп сөйлемейтін, кез келген жан қасына барып пікірлесе алмайтын сұсты адам еді. Менің өзіме оңаша бір сәттерінде ғана шешіліп әңгімесін айтатын. Оңаша отырыстың осындай қолайлы бір сәтінде өзінің Аманөткел деген жерде дүниеге келгенін есіме салатын. Бұл ойларын басқа ешкімге айтпағанын кейінірек білдім. Маған ғана ашқан сырларының мәнін кейін ойласам, мені шаңырақтың өзінен кейінгі иесі деп санаған болуы керек», – дейді батырдың ұлы. Осы бір тарихи сәттің куәсі ретінде қасымда Алматы қаласында тұратын інім Сембиев Ғабит болатын және бұл 2018 жылдың 7 сәуірі күнгі есте қалатын айтулы оқиғаға айналды.

Мақаштың өз әкесінің де, туған нағашысының да есімдері – Балмағанбет. Сол нағашысы Балмағанбеттің баласы Қайырқұл ағамыз ұзақ жыл бойы Приарал кеңшарына қарасты №2 ферманың орталығы Аққұлақ елді мекенінде тұрып, ел байлығын еселеуге үлес қосты. Қызмет бабына байланысты бір ауылда тұрып, дәмдес те болдық. Артық ауыз сөзі жоқ ағамызбен бірнеше жылдан кейін Мақаштай батырымыздың жүрген жолына байланысты 2017 жылдың 24 қарашасы күні кездесуімізге тура келді. Үлды ұяға, қыздарын құтты жеріне қондырған ол өмірлік қосағы Сарқыт апамыздың денсаулық жағдайымен Арал қаласы Матай Үмбет би көшесіндегі №8 үйге көшіп келіпті. Туған жиені туралы сұрағанымызда бірден-ақ тарихи дерек қалтасының сөз тиегі ағытылып сала берді.

Жетпіс жетіге келген Қайырқұл әулет шежіресін бес саусағындай біледі екен. «Бабасы Собақтан туған, Аязбайдан Қожахмет, Нұрмағанбет, Балмағанбет, Әлмағанбет, Жармағанбет және Қалмағанбет есімді алты ұл, Құндыз, Жұлдыз есімді екі қыз тараған. Алты ағайынды аталастардың ішінде Нұрмағанбет пен Балмағанбеттен басқаларында ұрпақ жоқ. Балмағанбеттен Қайырқұл, Нұрмағанбеттен Құрымбай, Құпия есімді ұлы мен қызы болды. Менің әкем Балмағанбет пен Мақаштың анасы Құндыз – бірге туған бауырлар», – деді ол. Міне, осыдан кейін бұрынғы жазбалардағы әулет шежіресіне байланысты қателіктер мен айырмашылықтар бірден назарға ілінді. Себебі, «Сыр бойы» мен «Азат» газеттерінде Мақаштың нағашылары бес ағайынды деп және есімдері де қате жазылған. Бұл жазған адамдардың кінәсінен емес, бар болғаны дерек көздерінің жетіспеушілігінен.

«Қарақалпақ жеріне қоныстанып, тамыр жайған Құндыз апамыз кейінірек сүйек жаңғыртпақ болып Нұрмағанбеттен туған немере сіңлісі Құпияны Мақашқа қосқан. Мұның бәрі қандас-туыстық байланыс үзілмесін деген ниеттен туғанымен Құпия апамыз балалы бола алмай, дәм-тұздары жараспады. Сосын елге, төркінінде қайтып келіп,1985 жылдары Арал қаласында қайтыс болды», – деп еске алды Қайырқұл ағамыз. Әкелері мен апасы Құндызды отбасылары Аманөткел жанындағы Қарадөңде тұрған. Кейін бұл серіктестік біріктіріліп, 8 март атауымен аталды. Ал өзі 1941 жылы дүниеге келген. 8 март колхозы Аманөткелге қарасты әйгілі шайырлардың отаны Мырзас болатын. Қарадөң, Аманөткел және Мырзас – ара қашықтығы 3-4 шақырымнан аспайтын бір-біріне жақын орналасқан елді мекендер. Осылайша өз өмірінің, кіндік қаны тамған киелі топырақтың Мырзаспен байланысты екенін есімізге салды.

Сонымен қатар Нұрмағанбеттен туған немере ағасы Құрымбай 1928 дүниеге келген. Айтып өтуге тиіспіз, Нұрмағанбетов Құрымбай – Мақаштың туған нағашысы.

«Әкем Балмағанбет, – деп еске алды Қайырқұл, – 1955-1956 жылдары апасы Құндыз бен туған жиендері Мақашты сағынышпен іздеп Нөкіске де барды. Екінші дүниежүзілік соғыстың қаһарманы ретінде жиендері жүрген орталарында өте сыйлы болыпты. Жергілікті үкімет орындары айрықша қамқорлықтарына алып, батырдың үйінің алдына құрметті қарауыл да қойыпты. Мекемелер мен оқу орындары кездесулерге, тәрбиелік шараларға жиі шақырып тұрыпты. Мақаштың әйелі Тәңірбергенқызы Пердегүл Нөкістегі әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін басқарған. Сол сапардан оралғасын әкесінің туған жиені Мақашты үнемі мақтанышпен, қимастықпен еске алып, айтып отырған екен. Мақаштың абырой-беделінің арқасында әкесі Балмағанбетпен бірге туған Әлмағанбеттің қызы Сырға апамыз Қарақалпақ облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарыпты.

Батырға құрметінің көрінісі шығар, қарақалпақ ағайын оны өз ұлдарындай көріп, бауырына басты. Тіпті, оны Өзбек КСР Қарақалпақ автономиялы Республикасы Қараөзек ауданының №6 ауылында (қазіргі Ахунбабаев атындағы колхоз) 1914 жылы туған деп те мәлімет таратты. Қиын-қыстау шақта олардың батырымызды қызғыштай қоруын адамгершілік үлгісі деп бағаламасқа шара жоқ. Осындай құрмет пен қамқорлықтың әсері болар, М.Балмағанбетов Қазақстан үкіметінің шақыруына да елге қайтпапты. «Туған жердің дәм-тұзы тартпады ма, ол арасы бізге белгісіз» деген қызы Бибісараның естелігі бізді де үлкен ойға қалдырды.

Бірақ ол соғысқа 1943 жылы автономиялы республиканың Қараөзек аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Сол жылдың наурыз айынан бастап 72-ші дивизияның құрамында соғысқа кірісті. Кейінірек бұл әскери құрама Қазақстанда жасақталған 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының қарамағына берілді. Нағыз қанды шайқастардың бел ортасында жүріп, ерекше ерліктерімен көзге түскен жерлесіміз екі рет қатарынан «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Әсіресе, 1943 жылдың 25 қыркүйегіндегі Днепр өзенінен өту кезеңі нағыз жан алысып-жан берісken қантөгіс ұрыс алаңына айналды. Бородаевка селосының маңында бір күн ішінде мықты қаруланған жаудың үш мәрте шабуылына тойтарыс беру Мақаш басқарған бөлімшенің ерлік дастанына айналды.

7 қазан күні гвардия сержанты Балмағанбетов басқарған әскери бөлімше негізгі күштерінен бөлініп қалғанымен селоны жауға бермей, алты рет қарсы шабуыл ұйымдастыра білген жау күштеріне төтеп берді. Осы жолы сан жағынан аз болғанымен Мақаштың жауынгерлері отыздан астам неміс әскерін жойып жіберді. Ұрпақтарының айтуынша, ешбір жерде тарихқа енбеген, Днепр өзенінің жағалауында түн ішінде қалғып-мүлгіп отырған күзетшілердің көзін жойып, қаружарақ қоймасын жарып жіберу арқылы, ұйқыдан шошып оянған 17 неміс солдаты мен офицерін жатқан жерінен айдап шығып тұтқынға алуы аса құнды соғыс олжасына айналды. Таңғаларлығы, осындай көзсіз ерлікке түн ішінде Днепр өзенінен жүзіп өту арқылы барған.

Жерлесіміздің өмір жолын зерттеу барысында қызық дерекке кезіктік. Мақаш атамыз мұсылманша сауатты болып, құран аяттарын жақсы меңгерген екен. «Қардай бораған жау оғына қарсы соғысқа кірісер алдында бісмілләмді айтып, дұғаларымды оқып алатын едім. Содан болса керек, жаңбырдай жауған оқ денеме тимей, қорғасын оқтар алақаныма сауылдап құйыла беретін» деген естелікті ұлының үлкені Құрақбай ақсақал бізге жеткізді. Ақсақалдың әңгімесінен кейін әкелерінің бойында болған бұдан да басқа кейбір құдірет күштерінің бар екеніне көз жеткізгендей болдық. Оған мысал, қан майдандарда батырдың денесіне ешқандай жарақат түспеген. Тек оң қолының білегін ішкі жағынан снаряд жарықшағы жеңіл түрде сызып өткені болмаса.

Осыдан кейін батырдың мұсылманша білімді қайдан алғаны туралы сұрақ алдымыздан шықты. Ұрпақтарының айтуынша, қарақалпақ жерінде діни сауат ашуына мүмкіндік болмаған. Мақаш дүниеге келген Қарадөңде аймаққа аты шыққан Нұралы ахун мешіті болғанын және сол мешітте оқуы мүмкін екенін айтқанымда олар мені бірауыздан қолдады. Осы ретте сөзге қызы Бибісара араласты. «Аққұлақ деген жерде тұратын Смағұл есімді кісі туралы айтып отыратын. Бірақ оның кім екенін біле алмадым», – деді ол. Бұған сол жерде жауабын бердім. Ол – Нұралы ахунның ұстазы, Сыр бойындағы ислам дінінің ақса көрнекті өкілдерінің бірі, 1850-1928 жылдары өмір сүрген Смағұл ахун. Сонымен қатар, Смағұл ахун да Мақаштың нағашы жұрты болып келеді. Осы мәселелерді саралай келе Мақаштың діни сауатты болуының негізін де, себебін де анықтадық.

Қиян-кескі шайқастарда көрсеткен ерлігі үшін 1944 жылы 22 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Балмағанбетов Мақашқа Кеңес Одағының Батыры атағы, №4669 «Алтын Жұлдыз» төсбелгісі, «Ленин» ордені тапсырылды. Жалпы, неміс армиясы үшін айрықша стратегиялық маңызды Днепр өзенінен өту кезеңінде 2605 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алған.

1997 жылғы 27 ақпандағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Өзге емес, өзім айтам» деген мақаласында бұрынғы партизан отрядының командирі, Қазақстанның халық қаһарманы Қасым Қайсенов сол батырларға іздеу салған екен. «Жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін бұл қаһармандарды да түгелдейік. Ерлік жасау үстінде көз жұмғандарына бас иелік. Ал қырық жыл қырғын болса да аман қалып, арамызда жүргендері болса, өздеріне құрмет көрсетіп, ерліктерін ұрпаққа үлгі етейік», – дейді ол. Қасым Қайсенов іздеген батырлардың ішінде Балмағанбетов Мақаш та бар. Онда «Балмағанбетов Мақаш. Степной майданы 7-армия, 25-гвардия корпусы, 73-гвардия атқыштар дивизиясы, сержант, 8-оқу батальонының бөлімше командирі» деп көрсетілген. Қасымнан кейін 21 жыл өткен соң біздің де іздеуімізге тура келді. Мақсат – ерлігін бүгінгі ұрпақтарына үлгі ету, ардақты есімін туып-өскен еліне қайтару.

Қазақстан үкіметі де жерлесіміздің ерлігіне бей-жай қарамады. 1944 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары Ш.Ермағанбетова 3-Украин майданына барған сапары кезінде Балмағанбетов Мақашқа «Құрмет грамотасын» тапсырды. Сонымен қатар М.Балмағанбетов 73-ші гвардиялық дивизиясының ту ұстаушысына айналды. Бұл атақ пен абырой жерлесімізге отыз жасында келгенін айтуға тиіспіз.

1970 жылдары бөгендік ардагерлер Прекешов Дүйсен мен Байтаханов Әбдіраман Нөкістегі ағайындарына сәлемдесуге барғанда Балмағанбетов Мақашпен кездескен. Сол кездесуде батыр: «Сыр бойында Қайырқұл деген туған нағашым бар, сол кісіге менен сәлем айтыңыздар», – деп аманат жолдапты. Туған жеріне, нағашы жұртына деген соңғы аманаты осы болды. Бұдан кейін хабар болмады. Себебі, ғұмыр бойы туған жерге деген сағынышын жүрек түкпірінде сақтаған, өзі ортасында болған ағайынның құрметі мен ықыласынан аттап кете алмаған. Екінші дүниежүзілік соғыс қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Балмағанбетов Мақаш 1977 жылдың 29 қыркүйегінде өмірден өтті. Осылайша тағы бір арысымыздың сүйегі қиындағы қарақалпақ елінде қалды.

Мақаштың туған інісі Өмірзақ пен қарындасы Мырза Нөкісте қайтыс болған. Алайда батырдың ұрпақтары қазақ жеріне қоныс аударып келген. Үлкен ұлы Құрақбай, келіні Тілектес және немересі, сазгер Оралбай 1993 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына оралды. Ал, Бибісара, Рүстем, Айсара есімді ұл-қыздары Алматы облысының Талғар және Еңбекші қазақ аудандарына 1996 жылы қоныс аударды. Бүгінгі күні бәрі – ел азаматтары. Қарақалпақ жерінде қалған қыздың үлкені 2018 жылдың наурыз айында өмірден өтті. Ұрпақтарымен болған кездесуден кейін бізбен қимай қоштасқан Бибісара, Айсара және Рүстем әкелерінің туып-өскен еліне, нағашылары Қайырқұлға сәлем жолдады. Ескеретін жайт, бірін-бірі көрмеген жиен-жұрағаттары нағашыларымен кездесетін, қауышатын сәтті асыға күтіп жүр. Мақсат – бауырларымен қауышып, әкелерінің кіндік қаны тамған топыраққа аунап қайту, әке рухына құран бағыштау.

Осыған дейін Арал ауданынан шыққан Кеңес Одағының Батыры біреу-ақ болып келді, ол – Мин Александр Павлович. Валерий Очиров батыр атағын Ауғанстандағы соғысқа байланысты алған. Ұлты басқа болса да елге еңбегі сіңген, батырлығы қан майданда сыналған қаһарманымыз Аралға 1938 жылы депортацияланып келген. Аумалы-төкпелі уақытта шет ел асып кеткені болмаса, Мақаштай қаһарман ұлды жатырқамауымыз керек.

Балмағанбетов Мақаш туралы ақпарат құралдарында жазылды. Соның бірі – Қазақстан Журналистер Одағының мүшелері Жұматәли Әбдіраман мен Амангелді Суханберлиевтің «Қарақалпақстандағы қазақ батыры» деген мақаласы «Сыр бойы» газетінің 2011 жылғы 7 мамырдағы санында жарияланды. Бірақ онда кейіпкердің Қазалы ауданында емес, Арал ауданының Бөген ауылында дүниеге келгені көрсетіліпті. Қазіргі әкімшілік-территориялық бірлікпен есептегенде Арал ауданы екені рас. Бірақ Қазалы уезіне қараған №17 ауыл – Бөген емес, Аманөткел. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің дерегінде салыстырмалы түрде қатар берілген Арал ауданындағы 1934 жылғы және оған дейінгі бұрынғы 19 елді мекеннің 1,2-тізімдерінде Аманөткелдің №17, Бөгеннің №10 ауыл екені нақты көрсетілген (Основание. ф. 85. оп. 1. д. 226. л. 7, 45.).

«Сыр бойы» газетінің 2014 жылғы 8 қараша күнгі кезекті санында жерлес ағаларымыз Қуат Үргенішбай мен Толыбай Абылаев «Батырын құрметтеген ел бақытты» деген тақырыппен мақала жариялады. «Иә, шындығына келсек, Кеңес Одағының Батыры Мақаш Балмағанбетов 1914 жылы қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданының Аманөткел ауылдық кеңесіне қарасты Қарадөң деген жерде дүниеге келген», – дейді авторлар. Уезд бен ауданның ара жігін ажыратып көрсеткені үшін ағаларымызға рахмет. Әу баста Қазалы уезін Қазалы ауданы деп көрсеткендер үшін бұл үлкен сабақ болуы тиіс. Бөгенді № 10 ауыл деп сол кездегі құрылыммен, территориялық бөліспен дәл көрсеткеніне көпшіліктің назарын аударғым келеді. Біршама пікір қайшылығы болғанымен, ортақ мәселеде шындық бар. Ол – Балмағанбетов Мақаштың Аралдың айбынды жауынгер ұлы екені. Бұл – талас тудырмайтын жәйт.

Қарақалпақ елі мен Қазалы ауданының орталықтарында Балмағанбетов Мақашқа үлкен құрмет жасалған. Мектеп, көше, саябаққа есімі беріліп, суреттері ілулі тұр. Біз батырымызды енді ғана ауызға алып, жасалатын құрмет пен шараға қолға алынып жатыр.

Сөзіміздің басын құс төресі сұңқар туралы ізгі ойлармен бастадық. Ақсұңқар құстың түлегі, киелі топырақтың өр кеуделі ұлы алтын жұлдызы жарқырап туған жерге оралды. Тастүлекті бабына келтіріп ұстай білу, туған жердің көгінде самғата білу елдігімізге сын болар салмақты дүние.

Тәңірберген ДӘРМЕНОВ.
Арал ауданы.

ТӘЛІМГЕР ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Халық мәдениеті – көпғасырлық тарихы бар ата-бабалардың рухани құндылық қазынасы. Қазақ халқының ежелгі дәуірлерімізден, қазіргі заманымызға дейінгі қалыптасу, даму кезеңдеріндегі жалпытүркілік философиялық-педагогикалық дүниетаным ерекшеліктерін, орта ғасырлардан бастап ұрпақтар санасынан берік орын алған діни-исламдық ұстаным сипатын, халықтың жан ділін адамгершілік-имандылық қасиеттер ықпалымен сәулелендіру, нұрландыру қызметін атқарған тәрбиеші-тәлімгер қайраткерлер тағылымын – бәрін қазіргі уақытпен сабақтастыра насихаттаған өнегелі тұлғалар даралана бағаланады. Халық мәдениетінің насихатшылары тұғырындағы өздерінің белсенді шығармашылық ізденістерін күнделікті тұрмыстық-әлеуметтік істерімен қатар атқара жүріп, осындай адамдар жаңа буынның болашаққа ұласатын жолына да айқын бағдар береді. Бұл орайда, сөз арқауындағы өнегелі өмірімен мәңгілік ұлағат танытқан тұлғалар қатарында Сәден Нұртайұлы (1930-2002) есімін де айтамыз.

1930 жылы 15 қарашада дүниеге келген Сәден ағамызбен бірге Нұртай атамыздың отбасында Өзбекбай, Әбілақұл, Қоныскүл, Шәкіркүл есімді перзенттер де болған. Туған ауылдың, өңірдің бұрынғы-соңғы тарихы, өткен оқымыстылары, би-шешендері, ақын-жыраулары, батырлары ел ағалары – ақсақалдары туралы деректі әңгімелерді, терме-толғауларды, дастан жырларды балалық шақта-ақ жадына жаттап өскен Сәден ержете келе ауылдастарының арасындағы тыңдаушылық болмысымен танылған. Орта мектепте оқып жүргенде-ақ бозбала Сәденнің халық мәдениетінің этнографиялық ерекшеліктерін жүйелеп, саралап баяндайтын қабілеті байқалған. Балалық, бозбалалық шақтағы халық тарихына, ата-бабалардың рухани мәдениетіне құштарлығы оның болашақта тарихшы мамандығын игеруіне берік негіз қалағаны анық. 1948 жылы ауылындағы онжылдық мектепті бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) тарих факультетіне оқуға қабылданады. 1955 жылы осы жоғары оқу орнын бітіріп, тарихшы-ұстаз мамандығымен Қармақшы ауданының мектептерінде 40 жылдан астам уақыт еңбек етті. Еңбек жолын қазіргі Ақтөбе ауылындағы (бұрынғы Чапаев атындағы колхоз) орта мектепте мұғалім болып бастап, «Ақжар», «Жаңақала», т.б. ауылдардағы мектептерде ұзақ жылдар бойы директор, оқу ісінің меңгерушісі болды.

Мен туған ауылым «Ақжардағы» № 28 орта мектепте 1958-1968 жылдары онжылдық білім алдым. Сәден ағайымыз 1965-1969 жылдары осы мектептің директоры және тарих, қоғамтану пәндерінің мұғалімі болды. Ал, Сәден ағайымыздың жары Ақбалыш Жалғасқызы да мектепте мұғалімдік қызмет атқарды.

Сәден ағайдың тарих, қоғамтану пәндерінен болатын сабақтары өте мазмұнды өтетін. Ұстазымыз тарихи деректерді қызықты оқиғалармен сабақтастыра, ұштастыра отырып, тартымды, әсерлі тілмен түсіндіретін. Менің тарих пәніне қызығушылығым, қазіргі ғылыми-зерттеу жұмыстарымда тарих, этнология, этнография салаларындағы кітаптарға құмарлығым орта мектепте тарих пәнін оқытқан Қоңырбай Мүсіркегенов, Сәден Нұртаев, Сағат Баянов, Іскендір Бағатов есімді ұстаздарымның ықпалымен қалыптасқанын сезінемін. Орта мектептегі тарих, қоғамтану, география – оқушылардың адамзат ұрпақтары өркендеген мыңжылдықтар тағылымын дерекнамалық жүйеде ұғындыратындығымен аса маңызды ерекше пәндер.

Сәден Нұртаев – нағыз жоғары деңгейдегі тарихшы мұғалім. Орта мектептегі тарих, қоғамтану пәндерін ғылыми-танымдық жоғары деңгейдегі сапамен оқыта жүріп, ғылыми-зерттеушілік істерін де жүргізді. Ұстазымыз Сырдария, Әмудария өзендері жағалау атыраптарындағы түркі өркениеті кезеңінің қалалары, көрнекті тұлғалары туралы аудандық, облыстық, республикалық педагогикалық оқуларда баяндамалар жасады. Өзі басқарған орта мектептерде тарихи-өлкетану материалдары негізінде арнайы пәндік кабинеттер ұйымдастырды. Басшы ұстаз ұйымдастырған оқу-өндірістік бригадалары ауылдағы шаруашылық істеріне қолғабыс тигізді, ауылдардағы фольклорлық-этнографиялық мұраларды жинаумен айналысты. Бұл арқылы ұстазымыз өсіп келе жатқан жас ұрпақтың туған жерді, атамекенді, ата-бабалар дәстүрін қастерлейтін дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етті.

Тарихшы-ұстаз Сәден ағайымыздың елдің тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына байланысты мәдени-танымдық мақалалары аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық газеттерде («Қармақшы таңы», «Сыр бойы», «Шалқар», «Қазақ елі», «Түркістан», т.б.), журналдарда («Ислам әлемі», «Шапағат», «Нұр») жарияланды. Тарихшы-ұстаздың діни-исламдық дүниетаным негіздеріне, Жаратушы Алланың аян кітабы Құран Кәрімге, мұсылмандық-имандылыққа, т.б.. – өзекті мәселелерге арналған мақалалары халық тәрбиешісі тұғырындағы тұлғасын даралай түсті. Тарихшы-ұстаздың «Ислам және Марал баба» (1996), «Дін кереметі» (1997) атты тарихи танымдық, педагогикалық-этнографиялық кітаптары да оқырмандардың ыстық ықыласына ие болды. Халық мәдениетінің үздік насихатшысы тұғырында болған тарихшы-ұстаздың аталған кітаптарында ұрпақтарды ғасырлар бойы тәрбиелеп келе жатқан қасиетті ата-бабалар дәстүрі мен діни-ислам дүниетанымы тұтастығындағы адамгершілік-имандылық қасиеттер педагогикалық көзқарас аясында байыпталған.

Сәден ағайымыз бен Ақбалыш апайымыздың перзенттері (Әбдірахман, Қадиша, Бақытжамал, Клара, Рзақұл) де текті әулеттің өнегесіне лайықты өмір сүріп келеді. Қыздары Қадиша Ақтөбеде, Бақытжамал Алматыда, Клара Маңғыстауда шипагерлік қызметтерімен халыққа еңбек етіп жүр.

Өнегелі әулеттің ұрпағы Рзақұл Сәденұлы Нұртаев – көп жылдар бойы жауапты мемлекеттік қызмет орындарында еңбек етіп келе жатқан елімізге танымал азамат. Қазақ политехникалық институтын (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникал

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
№189

« 29 » наурыз 2018 жыл **Қызылорда қаласы**

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 19.04.2018 жылы №6265 тіркелген

«Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы № 121 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде №16308 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы №121 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5871 нөмірмен тіркелген, 2017 жылғы 17 маусымда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде, 2017 жылғы 14 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Мыналар:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларында:

3-тармақтың 1) және 23) тармақшалары мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«1) абаттандыру–сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, кәріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластаудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;»;

«23) уәкілетті орган – жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;»;

6, 7, 9 және 17-тармақтар мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Жобалау (жобалық-сметалық) құжаттамасында көзделген аумақтардағы көгалдандыру жөнінде барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

7. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау мыналарды қамтиды:

1) жасыл екпелерді отырғызу;

2) агаштардың диірек қуысын орнатумен қыртыстарды қопсыту, агаштарды ақтау, жасыл қоршамды кию, агаштардың діңін көтеру, агаш өскіндерін жою;

3) гүлзарлар, көгалдарды орналастыру, арамшөптерді отау, шөптерді шабу, қысқы кезеңде раушан гүлдерін жауып ұстау;

4) бүкіл вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару;

5) авариялық, құрғаған, жасамыс агаштарды және бұталарды санитариялық кесу, ұшырбасты қалыптастыру;

6) тыңайтқыштар салу;

7) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу.»;

«9. Агаштарды жасарту және қалың өскен агаштарды сирету іс-шаралары вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.».

«17. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау бойынша қызмет көрсетуді, сондай-ақ жалпыға ортақ жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдар жүзеге асырады.»;

көрсетілген шешіммен бекітілген Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын аббатандырудың қағидаларында:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, кәріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластаудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген аумақтардағы абаттандыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

7 және 32-тармақтар мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды жинау және күтіп-ұстау қызмет көрсетудің мынадай түрлерін қамтиды:

1) ұсақ және тұрмыстық қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;

2) ірі көлемді қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;

3) сыпыру;

4) қамысты, қиайды, шөптерді және басқа да жабайы өсімдіктерді шабу және шығару;

5) қоршаулар мен шағын сәулет нысандарын ағымдағы жөндеу және сырлау.»;

«32. Алаңдардың саны, орналасуы мен жабдықталуы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес болуы тиіс.».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енсін.

Қызылорда облыстық мәслихатының
19-сессиясының төрағасы,
облыстық мәслихат хатшысы

Н. БАЙҚАДАМОВ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
№190

« 29 » наурыз 2018 жыл **Қызылорда қаласы**

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 19.04.2018 жылы №6262 тіркелген

«Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №347 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5404 нөмірмен тіркелген, 2016 жылғы 22 наурызда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде, 2016 жылғы 21 сәуірде «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының
19-сессиясының төрағасы,
облыстық мәслихат хатшысы

Н. БАЙҚАДАМОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының
2018 жылғы «29» наурыз № 190 шешіміне
қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының
2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешімімен
бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін берілетін дәрілік заттар

№	Ауру түрі	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттардың атаулары (шығару нысаны)
1	Басқа көріністі жылауықты фиброз (муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	- Тобрамицин (ингаляциялық нысан) 300 мг/5мг, ұнтақ ингаляцияға арналған капсуладағы 28 мг; - Ацетилцистеин 100мг, 200 мг; - Орташтізбелі триглициридтері бар толыққанды қуаңды қоспа. (Сусын немесе қосымша тамақтануға, сондай-ақ энтералді зонд ретінде қолдануға арналған. 3-жастан жоғары балаларға және ересектерге тағайындалады);
2	Идиопатикалық және екіншілік өкпе артериясының гипертензиясы		II, III, IV сатысы	- Силденафил 25 мг, 50 мг; - Бозентан 125 мг;
3	Аяқтың эмболиясы және тромбозы		Басқа антикоагулянттық дәрі-дәрмектерді қолдану мүмкін болмағанда	- Ривароксабан 10 мг, 20 мг; - Эноксапарин Натрия 0,6 мг;
4	Ювенильді идиопатиялық артрит		Ауру балалардың, аурудың полиартритикалық формасы мен жүйелер бойынша зақымдану клиникалық белгілерінің болуы, этиотропты генді-инженерлік биологиялық препаратты ем ретінде қолдану	- Адалимубаб, инъекцияға арналған ерітінді 40 мг/0,8 мл;
5	Буллезды эпидермолиз		Өмір сүру ұзақтығын және өмір сапасын жақсарту	- Таңып-байлау материалдары, санитарлық гигиенаға арналған зат (сабын) мамандандырылған көрек;
6	Бехчет ауруы			- Инфликсимаб 100 мг;
7	Целиакия		Ағзадағы туа біткен фермент жетіспеушілігінің орнын ауыстырушы препараты	- Панкреатин 10000 ЕД/150 мг; - Панкреатин 25000 ЕД/300 мг;
8	Туа пайда болған гиперинсулинизм		Ағзадағы туа біткен гормонды алмастырушы жетіспеушілігінің орнын ауыстырушы препараты	- Октреотид 0,1мг/мл.

Аббревиатураның толық жазылуы:
мг - миллиграмм
мл - миллилитр

КӘСІПТІК БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

ҒАСЫРМЕН ТІЛДЕСКЕН, ЗАМАНМЕН ҮНДЕСКЕН КОЛЛЕДЖ

Жастарды кәсіби мамандық алуға даярлау уақыт талабы екені белгілі. Бұл тұрғыда теңізді аудан-да көңіл қуантар істер баршылық. Солардың алдыңғы легінде Арал индустриалды-техникалық колледжінің ұжымы тұр десек, артық айтқандық болмас.

Елбасы тапсырмасымен жастардың кәсіби мамандық алуы үшін «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» жобасы қабылданғаны белгілі. Осы мақсатта әлеуметтік әріптес кәсіпорындардың берері мол. Жобаға қатысушылар колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, өндірістік оқуды ұйымдастыруға, түлектерді жұмыс орнымен қамтамасыз етуге қатысатын болады.

Кәсіби білім жүйесі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауды, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды жүзеге асырады. Соған орай, мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындары, кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету назарға алынуда. Қазіргі заман үрдісіне сай жастардың дамыған өндірісте өз мамандығы бойынша терең білім алып, бәсекеге қабілетті болып шығуы талап етеді. Кәсіптік-техникалық білім берудің болашағы мол. Жұмысшы кадрларды даярлау қазіргі кезде кең қанат жаюда. Елімізде қабылданған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2020 жылдарға арналған» бағдарлама экономикалық қана емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды. Онда аз қамтылған отбасылардың балалары шәкіртақымен және ыстық тамақпен қамтылу қарастырылған.

«Бүгіні күн – ертеңгі тарих» деген бар. Аталған оқу ордасының өткені мен бүгіні туралы да аз-кем дерек келтіре кетсек. Арал индустриалды-техникалық колледжі теңіз төскейіндегі кәсіптік білім беретін іргелі оқу орындарының бірі саналады. Қолда бар деректерге сүйенсек, ол 1927 жылы балық аулау артелі болып құрылған. Алғашқыда жергілікті тұрғындардан балықшылар бригадирлерін, ау құралдарын септеп тоқу мамандарын даярлаған

екен. Арада тура он жыл өте «Юнга» мектебі болып қайта құрылып, кіші қайықтарға матрос, моторист дайындады. Ұлы Отан соғысы жылдарында бұл мектеп ФЗО аталып қайық радистерін, бөшке жасау мамандарын, кіші қайық матростарын, мотористерін түлетіп шығарды. Жылдар өте қолөнер училищесі ретінде ағаш, темір ұсталарын даярлауды жүзеге асырды. Арал теңізінің жағалауынан аса қашықтықтан балық аулау мақсатына сай №68 қалалық кәсіптік-техникалық училищесі (ГПТУ-68) болып өзгеріп, балық өсіруші, өндеуші, кеме жүргізуші, кеме механигі, электромонтажшылар мамандарын даярлауды бастады.

Мұнан соң да бірнеше рет қайта құрылған білім ордасы облыс әкімдігінің қаулысымен «Арал индустриалды-техникалық колледжі» болып аталды. Нақты кезеңде колледж токарьлық ісі және металл өңдеу, дәнекерлеу ісі, электргазбен дәнекерлеуші, балық өндірісі, балық өңдеуші, өнеркәсіп машиналары мен жабдықтарын пайдалану тағы басқа заманға сай, сұранысқа ие мамандықтарға баулиды. Білікті де тәжірибелі педагогтар жұмыс жасайтын білім ордасында студенттердің сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына қолайлы жағдай жасалған. Мемлекеттік білім стандартына сай оқу жұмыс бағдарламасы құрылып, кабинеттер қажетті зертханалық құрал-жабдықтармен қамтылуы білім сапасының жоғары болуына септігін тигізуде. Ұжымда жаңа инновациялық технологияларды енгізіп, инженер-педагогтардың шеберлігін шыңдау мақсатында құрылған «Жас оқытушылар мектебі», ғылыми-зерттеу топтары бекітілген жоспар бойынша жұмыс істейтінін, нәтижесі де жаман еместігін атап кеткен жөн.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал қаласы.

МЕДИАЦИЯ

ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛІ

Ел арасында даудың бетін дау қайтарады деп, дауласқандардың бірінбірі сотқа апаруы жиіледі. Бірақ, одан дау басылмайды, жағдай ушығып көбіне ыза-кекке айналады. Мәселені сотқа жеткізбей, шешімін табуға елімізде мүмкіндік қарастырылған.

Елбасы Судьялар одағының V съезінде сот арқылы шешілетін даулы істердің қатарын қысқартуды тапсырды. Осыдан кейін, елімізде «Медиация туралы» заң қабылданып, бірқатар заңға өзгеріс енгізілді. Мәселен, Азаматтық істер жүргізу кодексінің (АІЖК) 192-бабы бойынша істі қараудың алдында тәрағалық етуші мынандай мәселелерді анықтап алу тиіс: талап қоюшы өз талабын қолдайтын-қолдамайтынын, жауапкер талапкердің талаптарын мойындап-мойындамайтынын, екі тараптың істі бітімгершілік келісіммен аяқтауды, істі аралық сотқа қарауға беруді не даулы медиация тәртібімен шешуді қалайтын-қаламайтынын анықтауы тиіс.

Отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша аталған кодекстің 49-бабына орай тараптар істі бітімгершілік немесе медиация аяқтай алады. Кодекстің 242-бабы 7-тармағының негізінде тараптар медиацияны жүргізу арқылы келісім жасаған жағдайда сот тоқтатылады. Медиацияның тиімділігі қоғамды ізгілендіру, сот жұмысын жеңілдету. Бұл тұрғыда арнайы мамандар, яғни медиаторлар іске кірісіп, қажетті іс-шаралар мен насихат жұмыстарын жүргізеді. Медиацияның сот қарауынан ерекшелігі дау толығымен тараптардың өз еркіне байланысты шешіледі. Медиаторлар шешім қабылдамайды, екі жақтың мүдделері мен қажеттіліктерін айқындап, олардың өзара тиімді шешімге келуіне жәрдемдеседі. Сондай-ақ, екі тарап істі кез келген уақытта тоқтата алады, өздерінің қалауы бойынша өткізетін орын туралы келісе алады. Алдымен келісім жасалып, процедура барысында сақталуы керек ережелер жиынтығы таныстырылады. Келісімге медиатор, даулласушы тараптармен қоса шақырылған адвокаттар, кеңесшілер немесе мамандар да қол қоюға құқылы. Медиация өту уақыты, келіссөздердің жүргізілу ұзақтығы да тараптардың қалауы бойынша реттеледі. Мұның өзі даулласушылардың өзара қарым-қатынасын реттеп, бір-біріне деген көзқарасын өзгертуге ықпал етеді.

Қазір бұл бағытта атқарылған жұмыстар аз емес. Сондықтан, алда жобаның бітімгерлік шараларын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтіп, даулларды соттан тыс шешудің тәсілдерін жетілдіру міндеті тұр.

Руслан ӘЛІБЕКОВ,
Қармақшы аудандық сотының
жетекші маманы.

Облыс бойынша ҚР ҚК-нің 190-бабында (алаяқтық) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасап, сот үкімдерімен сотталған адамдардың тізімі

№	Қылмыс жасаған тұлғалар туралы мәлімет	Оның жасаған қылмысы	Қабылданған сот үкімдері
4.	Елеуова Сания Дуйсенбековна - 11.10.1990 жылы Қызылорда облысында туған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматшасы, жоғары білімді, жұмыста жоқ, бұрын сотты болмаған, Қызылорда қаласы, Чайковский көшесі, №7 үй, №39 пәтер тұрғыны.	2015 жылы сәуір айының ішінде, шамамен 15 сәуір күні жәбірленуші Г.Медетовамен сарапшылармен шешу үшін 2000000 теңге керек екенін айтып алдап, сеніміне кіріп, Г.Медетоадан оның анасы С.Абжановаңы несие келісім шартын жасап 17.04.2015 жылы «Kaspi Bank» АҚ- нан алып берген 1000000 теңгесін, 20.04.2015 жылы «Казкоммерцбанк» АҚ- нан алып берген 1000000 теңгесін, барлығы 2000000 теңгесін Қызылорда қаласында орналасқан «ВТБ банк» алдында сотқа дейінгі тергеп-тексерумен анықталмаған автокөлік ішінде алған.	Қызылорда қаласының №2 сотының 05.02.2018ж. үкімімен сотталушы Елеуова Сания Дуйсенбековна ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жылға бас бостандығынан айыруға жазаланған, - ҚК-нің 385- бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеуге жазаланған. ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігінің талабымен 5 (бес) жылға бас бостандығынан айыруға тағайындалып, бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге тағайындалған.
5.	Дукенбаев Токтарбай Абдикалиевич - 01.01.1957 жылы Қызылорда облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі арнаулы орта, жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, Алматы қаласы, Абай даңғылы №189 үй, 21 пәтердің тұрғыны.	Сотталушы Т.Дукенбаев наурыз айының 25-і күні, Алматы қаласы, Рысқұлова көшесі мен Б.Момышұлы көшесінің қиылысында орналасқан, А.Кадировтың жалдамалы пәтерінде жәбірленуші Г.Сыздыковамен танысып, оның жолдасы Ө.Бұқарбаевтың сотты болғаны туралы барлық құжаттарымен танысып, өз кезегінде генерал шеніндегі өзінің танысы арқылы Ө.Бұқарбаевқа тағайындалған жазаны айыпқұл түріндегі жазаға өзгертетінін айтып сендіріп, 902 000 теңге ақшасын алып, алдап кеткен.	Қызылорда қаласының №2 сотының 07.02.2018ж. үкімімен сотталушы Дукенбаев Токтарбай Абдикалиевич ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығынан шектеуге жазасы тағайындалған.
6.	Сүлеева Гүлвира Мадрямқызы - 30.04.1983 жылы Қызылорда облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматшасы, жоғары білімді, жаңғалы, жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, мекен- жайы; Қызылорда қаласы, Ақмешіт м/а №20 үй 75 пәтер тұрғыны.	Г.Сүлеева 2016 жылдың 30 қарашасында Қызылорда қаласы, Мерей мөлтек ауданындағы «Сырдария» сауда үйінің екінші қабатындағы «Технодом» дүкенінен Қ.Ахметованың әкесі Ө.Ахметовтің атынан құны 179990 теңге тұратын «Samsung 40» теледидарын және құны 119970 теңге тұратын «Samsung A5» үлгідегі ұялы телефонын алдау жолымен алдыртып, оларды заңсыз иемденіп кетсе, одан бөлек жәбірленуші Қ.Ахметованың анасы Р.Майгельдиеванын атынан әлеуметтік желі арқылы алынған несиені жабу үшін ден 45000 теңге ақшасын қолма-қол алып, нәтижесінде жәбірленуші Қ.Ахметованға 1517741 теңге мүліктік залал келтірген.	Қызылорда қаласының №2 сотының 15.02.2018ж. үкімімен сотталушы Сулеева Гульвира Мадрямқызы ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1-тармағымен кінәлі деп танылып, 3(үш) жылға бас бостандығынан айырылған.
7.	Дуйсенов Мейрамбек Оразгелдиевич - 08 наурыз 1989 жылы Қызылорда облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, отбасылы, білімі арнаулы орта, жұмыссыз, Жаңақорған ауданы, Сунақ ата ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 4 үй, 1 пәтер тұрғыны.	Сотталушы М.О.Дуйсенов өзінің алаяқтық жасап, алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену мақсатында, 2016 жылдың тамыз айында, Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылының тұрғыны жәбірленуші Ж.А.Токназаровқа «93 000 теңге ақша бересең үйіннің құжаттарын рәсімдеп беремін»-деп жалған айтып, жалпы 93000 теңгесін алып бас пайдасына жаратқан. Одан кейін, сотталушы М.О.Дуйсенов қылмыстық әрекетін жалғастырып, бірнеше рет, 2017 жылдың ақпан айында, алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену мақсатында Шиелі ауданының тұрғыны жәбірленуші Б.Б.Кенжеевке «182000 теңге ақша бересің Сунақата ауылындағы қойманың құжаттарын рәсімдеп беремін, тұрғын үй құрылысын салатын жер алып беремін»-деп жалған айтып, жалпы 182000 теңгесін алып бас пайдасына жаратқан.	Жаңақорған аудандық сотының 01.03.2018 ж. үкімімен сотталушы Дуйсенов Мейрамбек Оразгелдиевич ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, белгілі бір дауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырмай, 3 (үш) жылға бас бостандығы шектелген.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Арал ауданы әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығына маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны: 2018 жылдың 18 мамыр күні, сағат 11.00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Арал ауданы, Бекмырза хан көшесі №11 а, «Арал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефоны – 8(72433) 2-14-57; электронды адрес: boss.selhoz@mail.ru

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынға балықтандыру көлемі
1	Қамбаш № 5 учаскесі	4200	Он жыл	Әуесқойлық (спорттық) балық аулау	525410
2	Шөмішкөл	500	Он жыл	Тауарлы балық өсіру (көлде-тауарлық балық өсіру шаруашылығы)	74000
3	Қаракөл	1100	Он жыл	Тауарлы балық өсіру (көлде-тауарлық балық өсіру шаруашылығы)	131000
4	Суыққөл	120	Он жыл	кәсіпшілік балық аулау	21612
5	Лайкөл	280	Он жыл	кәсіпшілік балық аулау	38440

Конкурстық құжаттар топтамасын Арал ауданы, Бекмырза хан көшесі №11 а, «Арал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалауды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында **(www.tabigat.e-kyzylorda.gov.kz)** жарияланады.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі – 2018 жыл 17 мамыр күні, сағат 17.30-ға дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (егер болса, жеке тұлға үшін).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттар қатысушының толық атауы мен мекен-жай және «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

Конкурстық комиссия.

«БІЗ ВАКЦИНАЛАУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!»

Үстіміздегі жылдың 23-29 сәуір аралығында «Сізді және айналаңыздағы адамдарды ауыр түрде өтетін аурулардан қорғау үшін вакциналар әрекет етуде!» ұранымен №1 қалалық емхана қызметкерлері «Біз вакциналауды қолдаймыз!» тақырыбында кең ауқымды акция ұйымдастырды.

«Отырар» сауда үйінде өткен шарада халыққа ақпараттық-танымдық материалдар таратылып, саулалнама жүргізілді. Сондай-ақ, ішкі радиоторабы арқылы хабарлама таратып, дәріс оқылды.

Барлық жастағы адамдарды түрлі аурудан қорғауға және вакциналаудың пайдасы мен маңыздылығы туралы халықты хабардар етуге бағытталған акцияға жұртшылық оң бағасын берді.

Индира АХМЕДОВА,
№ 1 қалалық емхана қызметкері.

Жекеше серіктесті анықтау бойынша конкурсты өткізу туралы хабарлама

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы негізінде «ШЖҚ МКК Қазалы аудандық орталық ауруханасы базасында (бұдан әрі – ҚАОУ) катетерлеу зертханасын құру және қамтамасыз ету» туралы жобасын іске асыру мақсатында жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

1.Жобаның мақсаты:

• Қызылорда халқына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жаңа технологиялық кешенмен (ангиограф және бұрын халыққа қол жетімсіз болған медициналық қызметтерді енгізу) жабдықтау арқылы арттыру мақсатында озық технологияларды енгізу;

• Жүрекке күрделі операцияларды жүргізуге қажетті базаны жақсарту;

• ҚАОУ медициналық қызметтердің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;

• ҚАОУ Катетерлеу зертханасын операцияларды жүргізуге қажетті медициналық мақсаттағы заттармен қамтамасыз ету:

• Материалдық қорларды басқару бойынша IT жүйесін енгізу;

• Operational excellence (Lean Six Sigma) енгізу.

2. Жоба бойынша техникалық-экономикалық талаптар:

1) Бөлмені Ангиографиялық жүйені орнатуға дайындау;

2) Ангиографиялық жүйе және өндірушінің мамандарының белгілеген кепілді қызмет көрсету мерзімі, 60 айдан жоғары мерзімде жүйенің барлық компоненттерін толық жабу арқылы анықталады.

3) Медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 «Дәрі-дәрмекті, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, залалсыздандыру) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету бойынша фармацевтикалық қызметтерді, медициналық қызметтерге» міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және сатып алу ережелері» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады;

4) Катетерлеу зертханасының менеджері;

5) Материалдық қорларды басқару бойынша АТ жүйелері;

6) ҚАОУ медициналық қызметкерлерді оқыту және Lean Six Sigma әдістемесін енгізу(ұқыпты өндіріс).

3.Негізгі параметрлер:

Әлеуетті жекеше әріптес өз қаражаттарының есебінен ҚАОУ бөлмені және барлық қажетті құжаттарды дайындауы тиіс.

Бөлмені дайындағаннан кейін ангиографиялық қондырғыны орнату қажет.

Қызметті қамтамасыз ету аясында мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісім-шартының жарамды мерзімі ішінде жүйенің барлық компоненттерін толық жаба отырып, өндірушінің мамандары кепілді қызмет көрсетуді қамтамасз етуі тиіс.

Қызметті қамтамасыз ету аясында медициналық мақсаттағы бұйымдарды, мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісім-шартының жарамды мерзімінің ішінде жеткізілуі тиіс.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің материалдық қорларын басқару бойынша АТ жүйесін енгізу. Менеджер операцияларды жасауға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік Объектісінің базасындағы процедураларды жүргізуге қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдарды дер кезінде ҚАОУ-қа жеткізілуін қамтамасыз етеді. Менеджер халыққа медициналық қызмет көрсету мақсатында катетерлеу зертханасының жұмысын қамтамасыз етуге қажетті, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу процесін басқарады.

ҚАОУ медициналық қызметкерлерді оқту және Lean Six Sigma (ұқыпты өндіріс) әдістемесін енгізу аясында, потенциалды Жеке серіктес Lean Six Sigma(ұқыпты өндіріс) әдістемесі бойынша және оқығаны туралы сертификаты бар тәжірибелі кеңесшілерді тартуы тиіс.

4.Ұйымдастырушының байланысу деректері: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Абай даңғылы №27, тел.: 8/7242/40-04-51, электронды пошта: m.asanova@korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М. Асанова

5.Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: 21.05.2018ж.

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығы негізінде «ШЖҚ МКК Облыстық медицина орталығы базасында (бұдан әрі – ОМО) катетерлеу зертханасын құру және қамтамасыз ету» туралы жобасын іске асыру мақсатында жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты:

• Қызылорда халқына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жаңа технологиялық кешенмен (ангиограф және бұрын халыққа қол жетімсіз болған медициналық қызметтерді енгізу) жабдықтау арқылы арттыру мақсатында озық технологияларды енгізу;

• Жүрекке күрделі операцияларды жүргізуге қажетті базаны жақсарту;

• ОМО медициналық қызметтердің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;

• ОМО Катетерлеу зертханасын операцияларды жүргізуге қажетті медициналық мақс

ДӘСТҮРЛІ БАЙҚАУДЫҢ ДЕҢГЕЙІ ӨСЕДІ

Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрда композитор Кеңес Дүйсекеев әндерін орындаушылардың «Туған жер» атты алтыншы республикалық байқауы мәреге жетіп, гала-концерт өтті. Думанды кешті облыс әкімі Қырымбек Көшербаев арнайы келіп, тамашалады. Көрнекті композиторға Сыр жұртшылығы атынан шапан жауып, құрмет білдірді.

– Өнер ұлт болмысының айнасы десек, музыка – халықтың асқақ рухының тілі. Ол – ғасырлар бойы үздіксіз жетіліп, даму үстінде болатын мәдени құбылыс. XX ғасырдың 70 жылдарында қазақтың ұлттық музыка әлемінде дәуірдің жаңа бір парағын ашқан Кеңес Дүйсекеев, Сейдолла Бәйтереков, Тілес Қажығалиев, Жолан Дәстенов секілді бір топ жас өнерге келді. Табиғи талантын біліммен ұштастырып, қазақ музыкасын жаңа деңгейге көтерген осынау жаңашыл топтың ішінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Кеңес Дүйсекеевтің орны бөлек. Кәсіби деңгейдің биіктігін қолдап, өнер тазалығын қорғайтын талантты жерлесіміздің атындағы байқау келер жылдан бастап халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын болады, – деді облыс әкімі.

Осыдан кейін байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне кезек беріліп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жас әншілер сахна төрінен табылды. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлде қызылордалық әнші Ринат Үсеновке табысталды. I орын Оңтүстік Қазақстан облысынан келген «Сарын» триосына бұйырды. Жүлделі II орынды атыраулық Мұратбек Жұмаш пен жерлесіміз Арайлым Маханбетжанова бөлісті. III орынды Батыс Қазақстан облысынан келген жас әнші Айбек Дәулетқали, алматылық Ақерке Құрбан мен қостанайлық Тасқын Әжібай иеленді. Бірақ, тыңдармандарды таңдай қақтырған бұл емес еді. Кеш барысында дарынды композитор жерлестеріне туған жер туралы жаңа туындысын таныстырды. Композитордың Қызылорданың 200 жылдық мерейтойына арнаған «Сыр елі» атты әні көп көңілінен шықты. Әдемі ән айрықша толғанысқа бөледі.

М.СНАДИНҚЫЗЫ,
Н.НҰРЖАУБАЙ (сурет).

СЫР ЕЛІ

Сыр елі – халқы қандай,
Қазағымның қаймағы.
Сыр елі – даңқы қандай,
Ақ күріштің аймағы.
Сыр елі – алтын ұя,
Алты Алаштың анасы.
Сыр елі – құмды қия,
Құшақ жайған даласы.

Қайырмасы

Жерім – туған жерім,
Қандай қымбатсың сен маған.
Арманымдай!
Елім – дархан елім,
Қандай ыстықсың сен маған,
Ардағымдай!

Сыр елі – туған дара,
Сарынындай қобыздың.
Сыр елі – думан дала,
Аңызындай абыздың.
Сыр елі – бесігісің,
Қасиетті бабамның.
Сыр елі – есігісің,
Ғарыштың, ғаламның.



Газеттің келесі саны 3 мамыр, бейсенбі күні шығады.

МАМАНДАРҒА ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Баршамызға белгілі, қыс, көктем айларында орын алатын төтенше жағдайлардың бірі – су тасқыны. Кейбір жылдары қыстың ортасы мен ерте көктем аралығында Сырдария арнасынан асып, жағалаудағы елді ерекше дүрбелеңге салып қоятыны бар. Ондайда төтенше жағдайлар қызметі өкілдеріне тыным жоқ. Кейде түн баласы көз ілмей дария жағалап жүреді. Өйткені Сырдарияның бойымен күре жолдар, коммуникациялар өтеді. Аймақтағы елді мекендердің 85 проценті осы дарияның бойында орналасқан. Онда халқымыздың 93 проценті тұрады. Сондықтан да азаматтық қорғау қызметтерінің күш құралдары барлық төтенше жағдайларға ұдайы сақадай сай болуы керек.

Айта кету керек, биыл көктемгі мұз жүру кезеңі бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама тыныш өтті. Бірақ соның өзінде қауіпті жағдайлар болмай қалған жоқ. Алғашқысы мұз ұстасу кезінде орын алды. Желтоқсанның 28 күні өзен арнасындағы мұз кептелістері салдарынан су деңгейі көтеріліп, дарияның ескі арнасы толысып, ПМК-29 саяжайының ішкі каналына көп мөлшердегі судың түсуінен 9 тұрғын жайдың ауласына су жайылды. Қалыптасқан жағдайға байланысты, бекітілген жауапты мекемелердің арнайы техникаларын тарта отырып, су жайылудың алдын алу мақсатында каналдың жалпы ұзындығы 100 метрдей жағалауын топырақпен бөгеу жұмыстары жүргізілді. Мал бағумен айналысып отырған шаруа қожалықтарында отбасылары мен малды көшіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, қала тұсында да өзен арнасындағы мұз кептелістері салдарынан су деңгейі көтеріліп, Мұратбаев көшесінің бойында салынған жаңа көпірден шамамен 2 шақырымдай жоғары жерде өзеннің сол жағалауынан су асып, ұзындығы орташа 700 ені 20 метрдей болатын аумаққа су жайылды.

Осындай қауіпті жағдай Сырдария, Қармақшы, Қазалы аудандары аумағында байқалды.

Міне, осы жағдайлардың бәрінде шұғыл шаралардың қабылдануы нәтижесінде елді мекендерді су басу қаупі жойылды. Осындай қауіпті сейілтуде аймақтағы барлық азаматтық қорғау күштері бірдей атсалысты. Соның арқасында сындарлы сәтті аймағымыз аса көп шығынсыз өткізді. Жуырда өткен көктемгі су тасқыны кезеңінің қорытындысына арналған мәжілісте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қауіпті сейілтуде қажетті техника мен адам күшін жұмылдыру арқылы халық алдындағы міндетін абыроймен атқарған бірқатар азаматтарды марапаттаған болатын.

Солардың қатарында облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» КММ-нің жұмылдыру және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Бақытжан Жүндабеков пен осы орталықтың жүргізушісі Күмісбек Танкаманов болды.

– Жұмылдыру басқармасының басты міндеті төтенше жағдайлардың, апаттардың алдын алу жұмыстарын жүргізу, – деді әңгімелесу барысында Б.Жүндабеков – қандай да бір ақпарат түскен жағдайда басқарма мамандары сол жерге тиісті мекемелер өкілдерінен жұмысшы тобын құрып, бірінші кезекте не істеу қажеттігі туралы комиссиялық шешім шығарады. Ұсыныс беріліп, бөлінген қаржыға жоба-сметалық құжаттамалар жасалып, қажетті жұмыстар жүзеге асырылады. Өткен жылы дария жағалауындағы 171 шақырым қашықтықтағы ең осал деген жерлерді анықтап, республикалық, облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға тиісті жұмыстар атқарылды. Соның арқасында қиыншылықтар орын алған жоқ.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ғабит Жаңабаев марапатталған азаматтар туралы жылы пікірін білдірді. Бөлім басшысы Б.Жүндабековтің төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бағытында облыс көлемінде атқарылған жұмыстар кезеңінде, уақытпен санаспай тәулік бойы кезекшілік жұмыстарына белсене атсалысқанын атап өтті. Аудандардан материалдық-техникалық қор базасын жинақтап, күш құралдарының дайындығы тексеріліп, эвакуациялық және жинақтау қабылдау пунктерінің дайындықтары туралы мәліметті шұғыл талқылап, жергілікті атқарушы органдарға жедел түрде жіберіп отырған. Қызметтік міндеттерін адал орындап, табандылық пен ұйымдастырушылық байқатты. Жоғары еңбек қабілеттілігімен ерекшеленіп, алда тұрған міндеттерді шешуге басшылық және оперативтік құрам күшін шебер бағыттай білді.

Ал, К.Танкаманов қай жерде төтенше жағдай орын алса басшылық пен мамандарды сол жерге күн демей, түн демей шұғыл жеткізіп тұрды. Халық Жаңа жыл, Наурыз мерекелерін тойлап жатқан кезде ол дарияның суы жайылған учаскелерде күндіз-түні кезекшілікте болды. Жалпы уақытпен санаспай, дария бойын оңтүстіктен солтүстікке дейінгі жүздеген шақырым аралықты сан мәрте шарлауына тура келген еді.

– Облыс әкімінің қолынан «Алғыс хат» алғанда қатты тебірендім, бұл біздің еңбегіміздің еленгені деп түсіндім, – деген Күмісбек бұл марапатқа ата-анасының, жұбайы мен балаларының да қатты қуанғанын жеткізді. Иә, уақытпен санаспаған азаматтар бұл тек өздерінің ғана емес, ұжым еңбегінің еленгені деп санайды.

Сең жүру артта қалды. Алайда бұл жайбарақат кезең басталды деген сөз емес. Ендігі келесі жылға дайындық шаралары бүгінгі күндері басталып кетті. Бұдан бөлек Қырым-Конго геморрагиялық қызбасына, дала өртіне, басқа да қауіптерге қарсы шараларды ұйымдастыру, бақылау жұмыстары күтіп тұр. Өйткені, табиғаттың тосын құбылыстарының алдын алмаса болмайды. Өздеріне жүктелген міндеттерін барынша беріліп орындайтын Б.Жүндабеков, К.Танкаманов секілді азаматтар бар жерде бұл саладағы қиындықтарды уақытылы еңсеріп отырады деген сенім мол.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

ТАРИХҚА ҚАЛАМ ТЕРБЕГЕН

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Арал, Қазалы аудандарының құрметті азаматы, жазушы, тарих зерттеушісі Бегімбай Ұзақбаевтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Тарихқа қалам тербеген» атты кездесу кеші өтті. А.С.Пушкин атындағы орталық қалалық кітапхана ұжымы ұйымдастырған кеште «Болашақ» университетінің студенттері болды.

Шара қонақтары белгілі қаламгер – Айжарық Сәдібекұлы, Өтеген Жаппархан, Жұматәлі Әбдіраман жазушының Тұранның тұғырлы тұлғасы жайындағы «Жаланқтөс баһадүр», абыз-әулие жайлы «Қарабура», «Марал баба», батыр бабамызды бейнелеген «Сартай батыр», «Тағдыр», «Қилы-қилы заман-ай», «Алдаспандар рухы», «Шығар күннің шуағы», «Өнегесімен өркенін жайған» басқа да прозалық шығармаларының оқырман жан дүниесіне шуақ құяр, ұлттық рухани байлығымызға айналған құнды дүниелер екендігін айтып, кеңінен әңгіме қозғады. Ақын Толыбай Абылаев арнау жыр оқыса, қоғам қайраткері Ержан Уәйіс замандас ретінде жазушының өмірінен естеліктер айтып, Сыр өлкесінің тарихын терең толғаған қаламгер екендігін атап өтті. Жазушы оқырмандар сұрақтарына жауап беріп, шығармашылық лабораториясы жайлы әңгімеледі.

М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжді II курс студенті Нұрдәулет Елдес Сартай батыр бейнесін сомдап шығармадан үзінді келтірсе, өнерпаз жастар күмбірлете күй тартты.

«Болашақ» университетінің ректоры Ө.Үмбетов, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының орынбасары А.Айске құттықтау сөз сөйлеп, сыйсияпат жасады. Жазушымен кездесу ғибратты әңгімеге толы болып, оқырмандарға терең ойлар тастады.

Н.САҒАТҰЛЫ.

ЖЫРАҚТА ЖҮРГЕН ЖЕРЛЕСТЕР

Сырда туған СЫРЛЫБАЙ

Осыдан екі жыл бұрын болар, интернетті ақтарып отырып, Батыстағы фактчекинг деп аталатын мамандық туралы мәліметті көзіміз шалды. Ағылшын тілінен енген бұл терминнің мәні баспасөз мәтініндегі, баяндамалардағы деректерді тексеру екен. Батыс жұртында бұрыннан бар кәсіп орыс журналистикасына да еніпті. Ең қызығы, Ресей баспасөзіндегі мәлімет тексеруші мықты мамандардың бірі қазақ. Қазақ болғанда да осы өзіміздің Сырда туған Сырлыбай Айбосынов.

Бірден Фейсбук желісі арқылы Сырлыбайды тауып, хабарлама тастадық. БАҚ-тағы бықыған деректі салыстырып жүрген бауырымыздың уақыты болмады білем, жауап бере қоймады. Әйтеуір, сол жолы сыртта жүрген Сырлыбаймен тілдеспек болған талабымыз оңғарылмады.

Тіршіліктің ауанымен жүріп ұмытыла бастаған бұл оқиғаны жуырда Ресейдің белгілі саяси сарапшысы, журналист Леонид Бершидскийдің «Ремесло» атты интернет-кітабы еске салды. «ЭКСМО» баспа үйінің редакциялық алқасын басқарған, Slon.ru (қазір Republic.ru) сайтына жетекшілік еткен, «Ведомости» газетінің алғашқы бас редакторы, ресейлік «Forbes», «Огонек» журналдарының баспагері Леонид Бершидский кітабында біздің жерлес туралы арнайы тоқталып, оның айрықша зердесіне таңғалысын білдіреді.

«Сырлыбай Айбосынов атты ғаламат адам бар. Біз онымен «SmartMoney» журналында жүргенде таныстық. Басылым жариялаған конкурс шартына сай жарыққа шыққан нөмірінен барынша көп қате тапқан адамға апта сайын берілетін 300 еуроны бірнеше мәрте Айбосынов ұтып алды. Тапсырманы қиындатып та көрдік. Бірақ, Сырлыбай бәрін де жаңғақша шағып тастады. Өзі Қазақстандағы Арал қаласының тумасы екен. Осылайша шағын мекемелердің бірінде IT директор болып істейтін Сырлыбайға әр нөмірді баспаханаға дейін тексертіп, жалақы төлей бастадық. Бұл менің ең сәтті шешімім болды. Сырлыбайдың бізге көмегін айтып жеткізе алмаспын. Ол біраз уақыт украиналық Forbes-те фактчекинг қызметін атқарды» деп жазады ол.

Жалпы, фактчекинг – өте мұқият, барынша дәлдікті қалайтындардың хоббиі. Осы жолды таңдаған Сырлыбай кейіннен Мәскеудегі «SmartMoney», «Русский Newsеek», «Финанс», «Известия», Киевтегі «Форбс» басылымдарында жұмыс істеді. Тіпті, Slon.ru сайтының тапсырысы бойынша біраз жарияланымдар мен кітаптарды тексереді.

Солардың қатарында Альфред Кох пен Петр Авеннің тоқсаныншы жылдар басындағы Ресейдегі экономикалық реформалар мен оның басында тұрған Егор Гайдар жайлы «Революция Гайдара», Михаил Зыгарьдің соңғы жылдар бедеріндегі қоғамдық-саяси ахуал туралы «Вся кремлевская рать» және Владимир Федориннің «Беседы с Кахой Бендукидзе» атты туындылары бар.

Осылайша көрші елде үлкен резонанс тудырған туындылардың жарыққа шығуына біздің жерлес те үлкен үлес қосты.

Сырлыбай Айбосынов – Арал қаласының тумасы. Сондағы №14 мектептің түлегі. Облысқа белгілі азамат, қазір Арал ауданындағы ардагерлер ұйымын басқаратын Кішкене Айбосыновтың ұлы.

Орта мектептен кейін Мәскеуге аттанған. Н.Бауман атындағы Мәскеу жоғары техникалық университетінің түлегі. Қазір Ресей астанасындағы бір мекемеде IT директор қызметін атқарады.

Телефонға жер алыс емес қой, Араддағы Кішкене ақсақал арқылы нөмірін тауып, Сырлыбайдың өзімен хабарластық. Алып қаладағы қарбаласынан қолы тимейтін болуы керек, жексенбі күні сөйлесуге келістік.

Уәделі күні тағы қоңыраулаттық. Телефонның ар жағынан Сырлыбайдың даусы естілді. Мәскеудің тұрғыны атанғанына 30 жылдан асты дейтіндей емес, қазақша мүдіріп тұрған жоқ. Осы сәт санамызда «Шіркін, шетелде тұратын осындай бауырларын біздегі тілін ұмыт-қандарға үлгі етсе, шіркін» деген ой жүгіріп өтті. Ең алдымен, әрине оның хоббиі туралы сұрадық.

«Қазір фактчекингпен түбегейлі айналыспаймын. Леонид Бершидскийдің жазып жүргені осыдан 5-6 жыл бұрынғы жағдай» дейді Сырлыбай. Оның айтуынша, қазір Ресейдегі бұқаралық ақпарат құралдары тым науқаншыл болып кеткен, ақпарат тарату бағытынан ауытқып, бірыңғай насихаттау жолымен кетіп барады. Бұл жолда, әрине, фактчекингті ешкімнің керек етпесі белгілі. Жырақтағы жерлесіміз қазіргі журналистикада жалған ақпарат таратудың жиілегенін де айтып өтті. Бір сөзбен айтқанда, байсалды баспасөз аз, оның есесіне БАҚ арқылы біреуді қорқытып-үркітіп, ұпай жинайтындардың күні туып тұр. Ресейде де дәстүрлі БАҚ кейіндеп, керісінше блогерлер күннен-күнге бел алып барады екен.

Сырлыбай әр жаз сайын елге келіп тұратынын айтты. Бұрынғы мен бүгінгі жайлы біраз әңгіме өрбітті. Жырақта жүрген жерлестің лебізінен елге деген ерекше құрмет пен сағыныш ерекше сезіліп тұрды.

Айтпақшы, фактчекинг Қазақстанға да жетіпті. Тіпті арнайы оқу құралы да жарық көрген екен. Интернетте еліміздегі түрлі саладағы мәліметтерге талдау жасаған жарияланымдар да бар. Бұл көп ұзамай Сырлыбай секілді білгір мамандар бізде де шыға бастайтынын білдірсе керек.

М.АҚЫНҰЛЫ.

Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА.**

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30515
Тапсырыс №656

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.
e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz